

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 ақпанда № 22213 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабы 6-тармағының үшінші бөлігіне, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарын қоспағанда) үшін мынадай пруденциалдық нормативтер және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттер белгіленсін:

1) пруденциалдық нормативтер:

консервациялық буферді ескере отырып, мәні 8 (сегіз) пайыз құрайтын, резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициенті – 10 (он) пайыз;

бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері, оның мәні:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын қарыз алушылар үшін – 0,10;

басқа қарыз алушылар үшін – 0,25 (оның ішінде бланктік қарыздар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалында қарыз алушының алдында не ағымдағы және келесі 2 (екі) ай ішінде қарыз алушыға талаптар туындайтын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелер бойынша, Standard & Poor's агенттігінің рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен кемінде 1 (бір) тармаққа төмен осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі

бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard & Poor's агенттігінің "A" - дан төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптарды қоспағанда, тиісті қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша);

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы үшін – 0,5 құрайды;

ең төмен мәндері мыналарды құрайтын өтімділік коэффициенттері:

k4 – 0,3;

k4-1 – 1;

k4-2 – 0,9;

k4-3 – 0,8;

k4-4 – 1;

k4-5 – 0,9;

k4-6 – 0,8;

ең төмен мәндері мыналарды құрайтын өтімділікті өтеу және нетто тұрақты қорландыру коэффициенттері:

өтімділікті өтеу коэффициенті:

2022 жылғы 1 қантарға дейін – 0,9;

2022 жылғы 1 қантардан бастап – 1;

нетто тұрақты қорландыру коэффициенті – 1;

Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын капиталдандыру, оның ең жоғары мәні 1 болады;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициент, оның ең төмен мәні 1 болады;

2) сақталуы міндетті өзге де нормалар:

резерв ретінде қабылданатын активтердің ең төмен мөлшері, оның мәні 10 000 000 000 (он миллиард) теңгені құрайды;

3) лимиттер:

ашық валюталық позиция лимиттері, оның мәндері:

Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "евро" валюtasы, сондай-ақ тазартылған бағалы металдар бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан;

Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 5 (бес) пайызынан;

валюталық нетто-позиция лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 25 (жиырма бес) пайзызынан аспайды.

2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары үшін мынадай пруденциалдық нормативтер және сақталуы міндettі өзге де нормалар мен лимиттер белгіленсін:

1) пруденциалдық нормативтер:

консервациялық буферді ескере отырып мәні 8 (сегіз) пайыз құрайтын, резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициенті – 10 (он) пайыз;

бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері, оның мәні:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын қарыз алушылар үшін  $k_3$ -1 – 0,10;

басқа қарыз алушылар үшін – 0,25 (оның ішінде бланктік қарыздар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалында қарыз алушының алдында не ағымдағы және келесі 2 (екі) ай ішінде қарыз алушыға талаптар туындаитын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндettемелер бойынша, Standard & Poor's агенттігінің рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен кемінде 1 (бір) тармаққа төмен осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard & Poor's агенттігінің "A" - дан төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптарды қоспағанда, тиісті қарыз алушылардың міндettемелері бойынша);

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы үшін – 0,5 құрайды;

ең төмен мәндері мыналарды құрайтын өтімділік коэффициенттері:

$k_4$  – 1;

$k_4$ -1 – 1;

$k_4$ -2 – 0,9;

$k_4$ -3 – 0,8;

$k_4$ -4 – 1;

$k_4$ -5 – 0,9;

$k_4$ -6 – 0,8;

Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндettемелерге Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалын капиталдандыру, оның ең жоғары мәні 1 болады;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициент, оның ең төмен мәні 1 болады;

2) сақталуы міндетті өзге де нормалар:

резерв ретінде қабылданатын активтердің ең төмен мөлшері, оның мәні 10 000 000 000 (он миллиард) теңгені құрайды;

3) лимиттер:

ашық валюталық позиция лимиттері, олардың мәндері:

Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "евро" валюタсы, сондай-ақ тазартылған бағалы металдар бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан;

Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 5 (бес) пайызынан;

валюталық нетто-позиция лимиті – резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайды.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) активтерін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

4. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Правления Агентства  
Республики Казахстан по  
регулированию и развитию  
финансового рынка  
от 12 февраля 2021 года

№ 23 Қаулыға

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері**

№	Пруденциалдық нормативтердің, сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің атауы	Нормативтік мәні
Пруденциалдық нормативтер:		
1	Резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициентінің ең төмен мәні, k1:	
1)	резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициенті, k1	8%
2)	консервациялық буферді ескере отырып, резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициенті	10%
	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан	

2	Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) бір қарыз алушысына тәуекелдін ең жоғары мөлшері, k3:	
1)	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалымен (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалымен) ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын қарыз алушылар үшін, k3-1	0,10
2)	басқа қарыз алушылар үшін, k3	0,25
3)	басқа қарыз алушылар үшін бланктік қарыздар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалында қарыз алушының алдында не ағымдағы және келесі 2 (екі) ай ішінде қарыз алушыға талаптар туындайтын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алуши үшін шартты міндеттемелер бойынша, Standard & Poor' s агенттігінің рейтингі немесе Moody' s Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен 1 (бір) тармаққа төмен емес осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard & Poor' s агенттігінің "A" - дан төмен емес рейтингі немесе Moody' s Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойлатын талаптарды қоспағанда, тиісті қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша	0,10
4)	"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы үшін	0,5
3	Ағымдағы өтімділік коэффициентінің ең төмен мәндері:	
1)	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы үшін, k4	0,3

2)	Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін, k4	1
4	Қазақстан Республикасының бейрезидент – банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) мерзімді өтімділік және мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің ең төменгі мәндері):	
1)	k4-1	1
2)	k4-2	0,9
3)	k4-3	0,8
4)	k4-4	1
5)	k4-5	0,9
6)	k4-6	0,8
5	Өтімділікті өтеу коэффициентінің ең төмен мәні:	
1)	2022 жылғы 1 қантарга дейін	0,9
2)	2022 жылғы 1 қантардан бастап	1
6	Нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің ең төмен мәні	1
7	Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалының) капиталдандырудың ең жоғары мәні, k7	1
8	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентінің ең төмен мәні	1
9	Резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан	

Өзге нормалар:

	Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) активтерінің ең төмен мөлшері	10 000 000 000 (он миллиард) тенге
--	--	------------------------------------

Лимиттер:

10	Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ашық валюталық позиция лимиттері резерв ретінде қабылданатын активтердің шамасынан аспайды:	
1)	Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған үқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "евро" валюタсы, сондай-ақ тазартылған қымбат металдар бойынша ашық валюталық позиция (ұзак және қысқа) лимиті	12,5%
2)	Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған үқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзак және қысқа) лимиті	5%
3)	валюталық нетто-позиция лимиті	25%

Қаулыға  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесі**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 42-бабы 6-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде

Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндепті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесін белгілейді.

## **2-тарау. Резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициентін есептеу әдістемесі**

### **1-параграф. Резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициентін есептеу әдістемесі**

2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) резерв ретінде қабылданатын активтерінің  $k_1$  жеткіліктілігі коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k_1 = \frac{PKA}{A_1 + A_2 + OT} \geq 8\% \text{ (10%, буферлерді ескере отырып), мұндағы:}$$

PKA – Әдістеменің осы тарауының 2-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтер;

A1 – Әдістеменің осы тарауының 3-параграфына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша есептелген активтер, шартты және ықтимал міндептемелер;

A2 – Әдістеменің осы тарауының 4-параграфына сәйкес нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндептемелер;

OT – Әдістеменің осы тарауының 5-параграфына сәйкес есептелген операциялық тәуекел.

3. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) активтері, тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген, резерв ретінде қабылданатын активтердің  $k_1$  жеткіліктілік коэффициентінің есебіне қабылданатын шартты және ықтимал міндептемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизияларды (резервтерді) шегергенде енгізіледі

### **2-параграф. Резерв ретінде қабылданатын активтерді есептеу**

#### **4. Резерв ретінде қабылданатын активтер (PKA):**

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндепті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің (бұдан әрі – Нормативтер) 1-тармағында көзделген резерв ретінде қабылданатын активтердің, және Қазақстан Республикасы

бейрезидент-банкі салымдарының ең төмен мөлшерінің сомасы ретінде есептелетін бас оғистің шоттарының;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) өткен жылдардағы қызметінің нәтижелері (таза кірістер);

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ағымдағы жылғы қызметінің нәтижелері (таза кірістер);

негізгі құралдарды қайта бағалау резервтері және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері;

өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қарыздар құнын қайта бағалау резервтері;

мынадай реттеушілік түзетулерді шегергенде:

гудвиллді қоса алғанда, материалдық емес активтерді;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) өткен және ағымдағы жылғы қызметінің нәтижелері (таза шығындары);

басқа да қайта бағалау бойынша резервтердің;

шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық активтері бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық активінің;

мұндай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен түсетін кірістердің немесе болатын зияндардың ;

Әдістеменің осы тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген инвестициялардың сомасы шегеріледі.

5. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент ислам банкі филиалының) акцияларға (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне), мерзімсіз қаржы құралдарына, қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасы бейрезидент- банкінің (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған кезде шоғырландырылмайтын занды тұлғалардың реттелген борышына ( бұдан әрі-қаржы құралдары) инвестициялар резерві ретінде қабылданатын активтерден шегеру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) орналастырылған акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде 10 (он) пайзызына ие қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары жиынтығында Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген

реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) резерв ретінде қабылданатын активтерінен 10 (он) пайыздан асатын болса, артылған сома резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге тиіс;

егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) орналастырылған акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымының жай акцияларына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары жиынтығында Әдістеменің 4-тармағында және осы тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін резерв ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызинан асатын болса, артылған сома резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге тиіс;

егер шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бір бөлігі Әдістеменің 4-тармағында және осы тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін резерв ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызинан асатын болса, асып кету сомасы резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге тиіс;

егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) орналастырылған акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызына ие қаржы ұйымының жай акцияларына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары және шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бір бөлігі жиынтығында Әдістеменің осы тармағында көрсетілген реттеуіш түзетулерді қолданғаннан кейін резерв ретінде қабылданатын активтер айырмасының 17,65 (он жеті бүтін жүзден алпыс бес) пайызинан және Әдістеменің 4-тармағының бірінші бөлігінің екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге жататын сомадан асатын болса, асып кету сомасы резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жатады;

Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігінің бесінші абзацына сәйкес есептелген асып кету сомасы Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігінің екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге жататын сомаларға азайтылады;

Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацында көрсетілген қаржы құралдарына инвестицияларды шегеру қаржы құралдарына инвестициялардың жалпы

сомасындағы инвестициялар үлесіне байланысты резерв ретінде қабылданатын активтерден жүзеге асырылады;

Әдістеменің 4-тармағына және осы тармағының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарына сәйкес шегерімді есептеу мақсаттары үшін кейінге қалдырылған салық активтері, гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда, шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтері мен өзге де кейінге қалдырылған салық активтері арасындағы тепе-тең негізде кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасына азайтылады;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) шығарылған акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайзына ие қаржы ұйымдарының мерзімсіз қаржы құралдарына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жатады;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) шығарылған акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайзына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жатады;

резерв ретінде қабылданатын активтер есебінен шегерілмейтін инвестициялар Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы активтерінің кестесіне және Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

### **3 - параграф. Активтерді, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша шартты және ықтимал міндеттемелерді есептеу**

6. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалын қоспағанда) активтері, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша есептелген шартты және ықтимал міндеттемелері мынадай формула бойынша есептеледі:

$A1 = \sum_1^n (A_i * MT_i) + \sum_1^n (ШЫ_i * KK_i * TD_i) + \sum_1^n ((K_t + KT_i) * MT_i)$ ,  
мұндағы:

**A1** – активтер, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер;

**A** – Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент- банкі филиалы активтерінің кестесінде көзделген активтер және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған провизиялар (резервтер) сомасын шегергендегі кепілсіз тұтынушылық қарыздар;

**MT** – Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент- банкі филиалы активтерінің кредиттік тәуекел дәрежесі не Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес борыштық жүктеме коэффициентін есептеу кезінде кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерлеу коэффициенттерінің мәндерімен көзделген кредиттік тәуекел дәрежесі (кеңілсіз тұтынушылық қарыздар жағдайында);

**ШЫ** – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған провизиялар (резервтер) сомасы шегеріле отырып, Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде көзделген шартты және ықтимал міндеттемелер;

**KK** – Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде көзделген конверсия коэффициенті;

**TD** – Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы кредиттік тәуекелдерді көтеретін Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының активтері кестесінде көзделген контрагенттің санатына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі;

**K** – своптардың, фьючерстердің, опциондардың, форвардтардың нарықтық құны (алмастыру құны) (сатып алуға арналған мәмілелер бойынша-қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы қаржы құралының нақтылы келісімшарттық құнынан асып кету шамасы (көрсетілген қаржы құралдарының құны, олар бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелер жасалған күні көрсетілген); Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкінің филиалында талаптар қалыптастырылатын

валюта (бивалюталық қаржы құралдары үшін). Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның номиналды келісімшарттық құнынан аз немесе оған тең болса, нарықтық құны (ауыстыру құны) 0 (нөлге) тең болады; сатуға арналған мәмілелер бойынша-қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асып кету шамасы. Егер қаржы құралының номиналды келісімшарттық құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болса, нарықтық құны (ауыстыру құны) 0 (нөлге) тең болады); бивалюталық қаржы құралдары бойынша (талап пен міндеттеме әртүрлі шетел валюталарында көрсетілген қаржы құралдары бойынша) – есептілікті жасау қуніндегі бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің тенгемен баламасынан талаптардың тенгемен баламасының асып кету шамасы. Егер талаптардың тенгемен баламасының шамасы міндеттемелердің тенгемен баламасынан аз немесе оған тең болса, нарықтық құны (ауыстыру құны) 0 (нөлге) тең болады));

КТ – Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел коэффициенттерінің кестесінде көзделген кредиттік тәуекел коэффициентіне своптардың, фьючерстердің, опциондардың не форвардтардың нақтылы келісімшарттық құнының туындысы (пайызбел) ретінде есептелетін және своп, фьючерс, опцион немесе форвард операциялары бойынша көрсетілген қаржы құралдарын өтеу мерзімімен айқындалатын кредиттік тәуекел.

7. Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының кредиттік тәуекелі ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер есебіне мыналар: сатылған опциондар;

орындалуы Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауына толық байланысты және олар бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалында қосымша кредиттік тәуекелдер туындармайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының шартты және ықтимал міндеттемелері енгізілмейді.

8. Қазақстан Республикасының резидент емес ислам банкі филиалының активтері, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша шартты және ықтимал міндеттемелер мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A1 = \sum_1^n (A_i * MT_i) + \sum_1^n (ШЫ_i * КК_i * СР_i), \text{ где:}$$

A1 – активтер, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер;

A – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған провизиялардың (резервтердің) сомасын шегергенде Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан

Республикасы бейрезидент- ислам банкі филиалы активтерінің кестесінде көзделген активтер;

МТ – Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- ислам банкі филиалының активтер кестесінде көзделген активтердің кредиттік тәуекел дәрежесі;

ШЫ – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған провизиялар (резервтер) сомасы шегеріле отырып, Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде көзделген шартты және ықтимал міндеттемелер;

КК – Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде көзделген конверсия коэффициенті;

ТД – Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі, ол бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекелі болады.

9. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің есебіне Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі) филиалының осы тармақта көзделген активтері мынадай тәртіппен енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) түзетілген құны аталған активтер көлемінің 50 (елу) пайызынан кем емес қамтамасыз етуі (Әдістемеге 1 -қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері кестесінің 1, 2, 3, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі не Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері кестесінің 1, 2, 3, 11, 12 және 13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) бар сауда делдалы ретіндегі сауда қызметін қаржыландыру кезінде салымдар, дебиторлық берешек, сатып алған бағалы қағаздар (исламдық бағалы қағаздар), қарыздар, коммерциялық кредиттер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) осы тармаққа сәйкес түзетілген қамтамасыз ету құнын анықтауға мүмкіндік беретін барабар есепке алу жүйесі болған кезде түзетілген қамтамасыз ету құнын шегергендердегі тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер есебіне енгізіледі.

Түзетілген қамтамасыз ету құны (Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері кестесінің 1, 2, 3, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-жолдарында не Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері кестесінің 1, 2, 3, 11, 12 және 13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) мыналарға:

салымдардың, оның ішінде осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалындағы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкінің филиалындағы) қамтамасыз ету ретінде ұсынылған салымдар сомасының 100 (бір жұз) пайызына;

қамтамасыз етуге берілген бағалы қағаздардың (исламдық бағалы қағаздардың) нарықтық құнының 95 (тоқсан бес) пайызына;

қамтамасыз етуге берілген тазартылған бағалы металдардың нарықтық құнының 85 (сексен бес) пайызына тең болады.

Салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың (исламдық бағалы қағаздардың) қамтамасыз етілмеген бөлігі салымдарға, дебиторлық берешекке, сатып алынған бағалы қағаздарға (исламдық бағалы қағаздарға) сәйкес келетін тәуекел дәрежесі бойынша Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы активтерінің кестесіне не Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы активтерінің кестесіне сәйкес мөлшерленеді.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген, Қазақстан Республикасының:

оффшорлық аймақтар аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген;

жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайыздан астамын иеленуші оффшорлық аймақтар аумағында тіркелген заңды тұлғаға тәуелді немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатын;

оффшорлық аймақтар азаматтары болып табылатын бейрезиденттеріне ұсынылған салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар (исламдық бағалы қағаздар);

осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген қамтамасыз етудің болуына қарамастан, Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы активтерінің кестесіне не Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы активтерінің кестесіне сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

Қазақстан Республикасының мынадай бейрезиденттеріне ұсынылған, осы осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған бағалы қағаздар (исламдық бағалы қағаздар):

оффшорлық аймақтар аумағында занды тұлға ретінде тіркелген, бірақ Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі бар немесе Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктердің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе міндеттемелерінің барлық сомасының қамтамасыз етілуіне аталған деңгейден төмен емес борыштық рейтингі бар бас ұйымның тиісті кепілдігі барларына;

оффшорлық аймақ аумағында тіркелген занды тұлғалар немесе олардың азаматтары не Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу жөнінде міндеттеме қабылдамаған оффшорлық аймақтар тізбесіне енгізген мемлекеттердің аумағында тіркелген занды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне немесе жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайыздан астамын иеленуші не көрсетілген оффшорлық аймақ аумағында тіркелген занды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатын ұйымдарға қойылатын талаптарды қоспағанда, жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайызынан астамын иеленуші, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген занды тұлғаға тәуелді немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген занды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатын, бірақ аталған деңгейден төмен емес рейтингі бар немесе рейтингі аталған деңгейден төмен емес бас ұйымның тиісті кепілдігіне сәйкес келетіндеріне міндеттемелерінің барлық сомасының қамтамасыз етуіне;

тәуекелдің нөл дәрежесі бойынша мөлшерленеді;

2) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) банкте экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді даусыз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарты түрінде қамтамасыз етуі бар сауда делдалы ретіндегі сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін) қарыздар (кредиттер), коммерциялық кредиттер қарыздар көлемінің кемінде 50 (елу) пайызын өтейтін сома қамтамасыз етуін түзетілген құнын шегере отырып, тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің есебіне кіреді.

Экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді даусыз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарты түрінде түзетілген қамтамасыз ету құны сақтандыру шартының 95 (тоқсан бес) пайызына тең болады;

3) контрагенттен төмен тәуекел дәрежесі бар ұйымдар кепілдік берген (сақтандырылған) банк инвестициялары есебіне енгізілмеген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алған бағалы қағаздар (исламдық бағалы қағаздар), қарыздар, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттер (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялар есебіне енгізілмеген инвестициялар тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген (салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алған бағалы қағаздардың (исламдық бағалы қағаздардың), қарыздардың, инвестициялар есебіне енгізілмеген инвестициялардың кепілдік берген (сақтандырылған) сомасын шегергендердің) активтердің есебіне борышкердің тәуекел дәрежесі бойынша енгізіледі.

Салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алған бағалы қағаздардың (исламдық бағалы қағаздардың), сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялар есебіне енгізілмеген инвестициялардың кепілдік берген (сақтандырылған) сомасы тиісті кепілгердің (сақтандырушиның) дебиторлық берешегінің тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

10. Егер бағалы қағаздың (исламдық бағалы қағаздың) арнайы борыштық рейтингі болса, онда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) активтерін кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерлеу кезінде бағалы қағаздардың рейтингі ескеріледі.

11. Әдістеменің 6-тармағына (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы үшін) және Әдістеменің 8-тармағына (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін) сәйкес нарықтық тәуекелді ескеріле отырып активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне енгізілген активтер валюталардың айырбас бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының есебіне енгізілген активтерді қоспағанда, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне енгізілмейді.

12. Әдістеменің 4-тармағына сәйкес нарықтық тәуекелді ескеріле отырып активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне енгізілген шартты және ықтимал міндеттемелер валюталардың айырбас бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы

құралдарының есебіне енгізілген шартты және ықтимал міндеттемелерді қоспағанда, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне енгізілмейді.

#### **4-параграф. Нарықтық тәуекелді ескере отырып активтерді, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелерді есептеу**

13. Активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалын қоспағанда) нарықтық тәуекелі ескеріле отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A2 = k_1 * (T1 + T2 + T3), \text{ мұндағы:}$$

$k1 = 12,5$ -ке (он екі бүтін оннан беске) тең келтіру коэффициенті;

$T1$  – Әдістеменің 14-тармағына сәйкес есептелген, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

$T2$  – Әдістеменің 15-тармағына сәйкес есептелген, базалық активтері акциялар немесе акциялардың индекстері болып табылатын акциялардың және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

$T3$  – Әдістеменің 16-тармағына сәйкес есептелген, валюталардың айырбастау бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел.

Нарықтық тәуекел ескерілген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне (валюталардың айырбастау бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарын қоспағанда) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы нарықтық (әділ) құны бойынша есепке алғын (бұдан әрі – нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары) және мынадай талаптардың кез келетін сәйкес келетін активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер енгізіледі:

1) сатып алу құны мен сату құны арасындағы айырмадан көрсетілген кезеңде табыс алу үшін оларды сатып алған жылдан кейінгі 3 (үш) жыл ішінде сату мақсатында сатып алынған;

2) нарықтық тәуекелі бар басқа қаржы құралдары бойынша нарықтық тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында сатып алғынған.

14. Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел ( $T2$ ) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T1 = ЕПТ + ЖПТ, \text{ мұндағы:}$$

ЕПТ – ерекше пайыздық тәуекел, ол сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, осы тармақтың жетінші бөлігіне сәйкес ерекше пайыздық тәуекелдің коэффициенттері бойынша мөлшерленген бірыңғай қаржы құралдары (мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары: бір әмитент шығарған; кірістілігінің тең мөлшері бар; олардың нарықтық құны бірдей валютамен көрсетілген; өтегенге дейін тең мерзімі бар) бойынша ашық позициялардың сомасы ретінде есептеледі.

Ерекше пайыздық тәуекелді (ЕПТ) есептеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары бойынша ашық (ұзак немесе қысқа) позиция:

сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарын сатуға талаптарды білдіретін қаржы құралдарының сомасы;

сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарын сатуға міндеттемелерді білдіретін қаржы құралдарының сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Опциондар есепті кезеңнің соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша қалыптасқан опциондардың нарықтық құны мөлшеріндегі ашық позицияның (ұзак немесе қысқа) есебіне қосылады.

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары бойынша ашық позиция (ұзак немесе қысқа) көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны айқындалған валюталар бойынша есептеледі.

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары бойынша ашық позициялар ерекше пайыздық тәуекел коэффициенттері бойынша мынадай тәртіппен мөлшерленеді:

1) 0 (нөл) пайыздық коэффициент бойынша – Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі бар бағалы қағаздар, тәуелсіз рейтингі Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері және орталық банктарі шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар түріндегі, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары;

2) 0,25 (нөл бүтін жүзден жиырма бес) пайыз коэффициенті бойынша - Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, тәуелсіз рейтингі Standard & Poor's рейтингтік

агенттігінің "A+" пен "BBB-" аралығындағы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері және орталық банктарі шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып "Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысында (бұдан әрі – № 170 қаулы) айқындалған халықаралық қаржы үйымдары (бұдан әрі – халықаралық қаржы үйымдары) шығарған бағалы қағаздар, Қазақстан Республикасының сауда-саттықты үйымдастыруышыларының және тізбесі № 170 қаулыда айқындалған халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты үйымдастыруышылар (бұдан әрі – халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты үйымдастыруышылар) тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты үйымдастыруышылардың ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар түріндегі өтеу мерзімі 6 (алты) айдан кем сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары;

3) 1 (бір) пайыздық коэффициент бойынша – Әдістеменің осы тармағы алтыншы бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, өтеу мерзімі 6 (алты) айдан 24 (жиырма төрт) айға дейінгі қаржы құралдары;

4) 1,6 (бір бүтін оннан алты) пайыздық коэффициент бойынша - Әдістеменің осы тармағы алтыншы бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, өтеу мерзімі 24 (жиырма төрт) айдан асатын қаржы құралдары;

5) 8 (сегіз) пайыздық коэффициент бойынша – Әдістеменің осы тармағы алтыншы бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгенде қоспағанда, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары.

Тұынды қаржы құралдары ерекше пайыздық тәуекел есебіне қосылмайды.

ЖПТ – жалпы пайыздық тәуекел, ол:

әрбір уақыт аралығындағы мөлшерленген жабық позициялар сомасының 10 (он) пайызының;

1-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

2-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 30 (отыз) пайызының;

3-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 30 (отыз) пайызының;

1 және 2-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

2 және 3-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

1 және 3-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 100 (бір жұз) пайызының;

қалған мөлшерленген ашық позиция мөлшерінің 100 (бір жұз) пайызының сомасы ретінде есептеледі.

Жалпы операциялық тәуекелді есептеу мақсатында мөлшерленген позициялар мынадай тәртіппен есептеледі:

1) сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты қаржы құралдары бойынша ашық позиция мөлшерін айқындау.

Ашық позицияның мөлшерін айқындау кезінде сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты қаржы құралдары (фьючерстік келісімшарттар, форвардтық келісімшарттар, пайыздық мөлшерлемедегі форвардтық келісімшарт) (бұдан әрі – сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары) мөлшері тиісті базистік активтердің нарықтық құнымен көрсетілетін ұзақ және қысқа позициялардың комбинациясы ретінде қарастырылады.

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдарын өтеу мерзімі туынды қаржы құралдарын жеткізуге немесе орындауға дейінгі мерзім мен олардың базистік активінің айналыста болу мерзімінің сомасы ретінде есептеледі (базистік активті жеткізу талабы бар туынды қаржы құралының жағдайында - ұзақ позицияға қосылатын туынды қаржы құралын өтегенге дейінгі мерзім қосылады, базистік активті жеткізу міндеттемесі бар туынды қаржы құралының жағдайында - қысқа позицияға қосылатын туынды қаржы құралын өтегенге дейінгі мерзім қосылады)

Своп ашық позициясының мөлшерін айқындау кезінде келісімшарттар базистік активтер айқындайтын өтеу мерзімдері бар тиісті базистік активтермен көрсетілген үзын және қысқа позициялардың комбинациясы ретінде қаралады.

Ашық позицияны есептеу кезінде мынадай талаптарға сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздарды сатып алуға арналған талапты немесе сатуға міндеттемені білдіретін, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты мерзімді туынды қаржы құралдары арасындағы өзара қарама-қарсы позицияларды есепке алуға рұқсат етіледі:

борыштық бағалы қағаздарды бір әмитенттің шығаруы;

борыштық бағалы қағаздардың белгілі бір шетел валютасындағы немесе тенгедегі нарықтық құнының тең болуы;

борыштық бағалы қағаздардың өзгермелі сыйақы мөлшерлемесінің тең болуы;

борыштық бағалы қағаздардың өтегенге дейінгі мерзімінің тең болуы;

2) ашық позицияларды уақыт аралықтары бойынша бөлу Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес Ашық позицияларды уақыт аралықтары бойынша бөлуге және мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, белгіленген сыйақы мөлшерлемесіне байланысты қаржы құралдары кезекті төлем жасау күніне дейін қалған мерзімге қарай уақыт аралықтары бойынша бөлінеді;

сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, өзгөрмелі сыйақы мөлшерлемесіне байланысты қаржы құралдары сыйақы мөлшерлемесін қайта қарау күніне дейін қалған мерзімге қарай уақыт аралықтары бойынша бөлінеді;

орындалу мерзімі 2 (екі) уақыт аралығының шегінде тұрған қаржы құралдары неғұрлым ерте уақыт аралығында бөлінеді;

конвертацияланбайтын артықшылықты акциялар уақыт аралықтары бойынша дивидендтерді төлеу мерзіміне қарай бөлінеді, ал дивидендтер төлеу туралы ақпарат болмаған жағдайда, уақыт аралығы есептілік жасалған күннен бастап жылдық дивидендтерді төлеудің заңды тұлға белгілеген күніне дейін айқындалады;

3) әрбір уақыт аралығы ішінде барлық ұзақ және қысқа ашық позициялар қосылады;

4) әрбір уақыт аралығы бойынша жиынтық ұзақ және жиынтық қысқа позициялар уақыт аралығына сәйкес келетін коэффициент бойынша мөлшерленеді;

5) мөлшерленген ашық және мөлшерленген жабық позициялар әрбір уақыт аралығы бойынша айқындалады.

Әрбір уақыт аралығының мөлшерленген ұзақ және қысқа позициялары өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға тиіс әрбір уақыт аралығы бойынша мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялар бөліктерінің сомасы уақыт аралығының мөлшерленген жабық позициясын білдіреді. Өзара есепке алынуға тиіс емес немесе өзара есепке алынбай қалған мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялардың бөлігі уақыт аралығының мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларын жасай отырып жиынтықталады.

Уақыт аралықтары мына аймақтар бойынша топтастырылады:

1-аймақ кемінде 1 (бір) жылдық 4 (төрт) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде кемінде 1 (бір) ай, 1(бір) айдан 3 (үш) айға дейін, 3 (үш) айдан 6 (алты) айға дейін, 6 (алты) айдан 12 (он екі) айға дейін;

2-аймақ 1 (бір) жыл мен 4 (төрт) жыл аралығындағы 3 (үш) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде 1 (бір) жылдан 2 (екі) жылға дейін, 2 (екі) жылдан 3 (үш) жылға дейін, 3 (үш) жылдан 4 (төрт) жылға дейін;

3-аймақ 4 (төрт) жылдан асатын 6 (алты) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде 4 (төрт) жылдан 5 (бес) жылға дейін, 5 (бес) жылдан 7 (жеті) жылға дейін, 7 (жеті) жылдан 10 (он) жылға дейін, 10 (он) жылдан 15 (он бес) жылға дейін, 15 (он бес) жылдан 20 (жиырма) жылға дейін, 20 (жиырма) жылдан астам.

Әрбір аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялар өзара есепке алынуға жатады. Толық өзара есепке алынуға жататын әрбір

аймақтағы уақыт аралықтарының ұзақ немесе қысқа позициялары бөліктерінің сомасы аймақтың мөлшерленген жабық позициясын білдіреді.

Өзара есепке алынуға жатпайтын немесе өзара есепке алынбай қалған әрбір аймақтағы түрлі уақыт аралықтарының мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларының бөлігі әрбір аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларын құрай отырып жинақталады;

6) аймақтар арасындағы мөлшерленген ашық және жабық позициялар айқындалады

1-аймақтың мөлшерленген ұзақ (қысқа) позициясы 2-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позициясымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жатқан 1 және 2-аймақтардың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктерінің сомасы 1 және 2-аймақтардың арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

2-аймақтың мөлшерленген ұзақ (қысқа) позициясы 3-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позициясымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жататын 2 және 3-аймақтардың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктерінің сомасы 2 және 3-аймақтардың арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

1-аймақтың мөлшерленген ашық ұзақ (қысқа) позициясы 3-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позицияларымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жататын 1-аймақтың және 3-аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктерінің сомасы 1 және 3-аймақтар арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

Аймақтар арасындағы өзара есепке алынғаннан кейін қалған мөлшерленген ашық позициялар қалған мөлшерленген ашық позицияны құрай отырып жиынтықталады.

15. Базалық активі акциялар немесе акцияларға индекс (Р2) болып табылатын акциялардың және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел акцияларға ерекше тәуекелдің және акцияларға жалпы тәуекелдің сомасы ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T2 = AET + AJT, \text{ мұндағы:}$$

AET – акциялардың нарықтық құнының немесе акциялар индексінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ашық позициялардың (ұзақ және қысқа) сомасына 0,08-ге (нөл бүтін жүзден сегіз) тең ерекше тәуекел коэффициентінің туындысы;

AJT – белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзақ позициялар сомасы мен қысқа позициялар сомасы арасындағы айырмаға 0,08-ге (нөл бүтін жүзден сегіз) тең жалпы тәуекел коэффициентінің туындысы.

Акциялардың ерекше тәуекелінің және акциялардың жалпы тәуекелінің есебіне базистік активтері акциялар немесе акциялар индексі болып табылатын акциялардың нарықтық құнының және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар мынадай қаржы құралдары қосылады:

акциялар (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекелді есептеуге қосылатын конвертацияланбайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда);

конвертацияланатын бағалы қағаздар (конвертацияланатын облигациялар және конвертацияланатын артықшылықты акциялар);

осы тармақтың екінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген, базистік активі бағалы қағаздар болып табылатын туынды қаржы құралдары немесе көрсетілген бағалы қағаздардың индексі.

Ерекше тәуекелді және жалпы тәуекелді есептеу үшін Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастырушысының немесе халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйесінде саудаланатын акциялардың нарықтық құнының немесе акциялар индексінің өзгеруіне байланысты әрбір қаржы құралы бойынша ашық (ұзак немесе қысқа) позициялар айқындалады.

Акциялардың нарықтық құнының немесе акциялар индексінің өзгеруіне байланысты қаржы құралдары бойынша ашық (ұзак немесе қысқа) позицияны есептеу кезінде базистік активі белгілі бір акциялар немесе акциялардың белгілі бір индекстері болып табылатын қаржы құралдары базистік активтердің нарықтық құнына қайта есептеледі, оның ішінде:

базистік активі акциялар болып табылатын фьючерстік және форвардтық келісімшарттар көрсетілген фьючерстік және форвардтық келісімшарттардың нарықтық құны бойынша көрсетіледі;

базистік активі акциялар индексі болып табылатын фьючерстік келісімшарттар индекс құрамына кіретін акциялардың нарықтық құны бойынша қайта есептеледі;

базистік активі акциялар индекстері болып табылатын своптық келісімшарттар индекс құрамына кіретін акциялардың нарықтық құны сомасына қайта есептелген позицияны білдіретіні ескеріле отырып, базистік активтердің көрсетілген позицияларға сәйкес келетін нарықтық құны бойынша қайта есептелген ұзак және қысқа позициялар комбинациясы ретінде қаралады;

базалық активі акциялар немесе акциялар индекстері болып табылатын опциондық келісімшарттар олардың есепті кезеңінің соңғы жұмыс күніндегі нарықтық құны мөлшеріндегі акциялардың жалпы тәуекелін есептеуге қосылады.

Белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты қаржы құралдары бойынша ашық (ұзак немесе қысқа) позиция белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты (оның ішінде белгілі бір акцияларды сатуға қойылатын

талаптарды немесе акциялардың белгілі бір индексі бойынша төлемдерді жүзеге асыруға қойылатын талаптарды білдіретін немесе акциялардың белгілі бір индекстерінің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты қаржы құралдарының сомасы мен, оның ішінде белгілі бір акцияларды сатуға міндеттемелерді немесе акциялардың белгілі бір индексі бойынша төлемдерді жүзеге асыруға міндеттемені білдіретін) қаржы құралдарының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады..

16. Шетел валюталарының айырбас бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел (Р3) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T3 = k_2 * \max(AK + AYK; AY + AYK), \text{ мұндағы:}$$

$k_2$  – 0,08-ге (нөл бүтін оннан сегіз) тең валюталық тәуекел коэффициенті;

$AK$  – Әдістеменің 84-тармағына сәйкес есептелген әрбір шетел валютасы бойынша ашық қысқа позициялардың сомасы (абсолюттік мәнде);

$AYK$  – Әдістеменің 84-тармағына сәйкес есептелген бағалы металдар бойынша ашық (ұзын немесе қысқа) позициялардың сомасы (абсолюттік мәнде);

$OD$  – Әдістеменің 84-тармағына сәйкес есептелген әрбір шетел валютасы бойынша ашық ұзын позициялардың сомасы (абсолюттік мәнде).

Әрбір шетел валютасы (бағалы металл) бойынша ашық (ұзын немесе қысқа) позицияның есебіне шетел валютасында (бағалы металдарда) көрсетілген немесе тіркелген активтер, міндеттемелер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, оның ішінде:

шетел валютасында есептелген сыйақыны қоса алғанда, шетел валютасында (бағалы металда) көрсетілген (тіркелген) активтер мен міндеттемелердің нарықтық (әділ ) құны арасындағы айырма;

форвард немесе фьючерс және опцион операциялары бойынша алынатын және төленетін шетел валютасының (бағалы металдың) мөлшері арасындағы айырма;

шетел валютасында көрсетілген (белгіленген) алынған және берілген кепілдіктер арасындағы айырма.

Көрсетілген айырмалардың оң мәндері шетел валютасы (бағалы металл) бойынша ашық ұзақ позицияларды, ашық теріс мәндер - шетел валютасы (бағалы металл) бойынша қысқа позицияларды білдіреді.

Шетел валютасын немесе бағалы металды сатуға арналған форвард операциялары форвард операциясының базалық активі көлемінің есепті кезеңнің соңғы жұмыс күнінде қалыптасқан базалық активтің нарықтық бағасына көбейтіндісі ретінде есептелетін конвертацияланатын мөлшердегі ашық валюталық позиция есебіне қосылады.

17. Шетел валюталарының айырбас бағамының (бағалы металдардың нарықтық құнының) өзгеруіне байланысты активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизияларды (резервтерді) шегергенде ашық валюталық позиция есебіне енгізіледі.

18. Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының нарықтық тәуекелін ескере отырып, активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A_2 = k_1 * (T_1 + T_2 + T_3), \text{ мұндағы:}$$

$k_1$  – келтіру коэффициенті 12,5-ке (он екі бүтін оннан бес) тең;

$T_1$  – тауар-материалдық қорлардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тауар-материалдық қорлар бойынша тәуекел Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит беру арқылы сауда қызметін қаржыландыру мақсатында коммерциялық кредит беру туралы шартқа немесе Әдістеменің 19-тармағына сәйкес есептелген лизинг (жалға беру) талаптарымен инвестициялық қызметті жүзеге асыру мақсатында мүліктің лизингі (жалға беру) туралы шартқа сәйкес қайта сатуға арналған бағалы металдарды (шетел валюталарының айырбастау бағамының өзгеруіне байланысты активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша тәуекелдің есебіне алынатын алтын мен күмісті қоспағанда) қоса алғанда, активтерді тауар-материалдық қорлар түрінде ұстаған кезде туындайды;

$T_2$  – Әдістеменің 20-тармағына сәйкес есептелген, сату мақсатында сатып алынған акциялардың, ислам бағалы қағаздарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

$T_3$  – Әдістеменің 72-тармағына сәйкес есептелген валюталардың айырбастау бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел.

Нарықтық тәуекелді ескере отырып, активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне (валюталардың айырбастау бағамдарының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекелді қоспағанда) сатып алу құны мен сату құны арасындағы айырмадан көрсетілген кезеңде табыс алу үшін оларды сатып алған жылдан кейінгі 3 (үш) жыл ішінде сату мақсатында сатып алынған Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары нарықтық құны бойынша ескеретін активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер (бұдан әрі – нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары) енгізіледі.

19. Тауар-материалдың қорлардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тауар-материалдың қорлар бойынша тәуекел (T1) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T1 = 15\% * \sum_1^n T\Pi_i + 3\% * \sum_1^n B\Pi_i, \text{ мұндағы:}$$

TП – тиісті тауар (тауар тобы) бойынша ұзын және қысқа позициялар арасындағы айырма ретінде есептелетін әрбір тауар (тауар тобы) бойынша таза позиция);

BП – позиция белгісін есепке алмағанда, тиісті тауар (тауар тобы) бойынша ұзын және қысқа позициялардың сомасы ретінде есептелетін әрбір тауар (тауар тобы) бойынша брутто-позиция.

Әрбір тауар (тауар тобы) бойынша ұзын және қысқа позициялар барлық ұзын және қысқа позицияларды жиынтықтау арқылы есептеледі.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін валюталық тәуекелдері бар тауар позицияларын қаржыландыру резерв ретінде қабылданатын активтерді есептеу нысанасы болып табылады және резерв ретінде қабылданатын активтерге қойылатын талап валюталық тәуекелге сәйкес айқындалады.

20. Сату мақсатында сатып алғынған акциялардың, исламдық бағалы қағаздардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша тәуекел (T2) мына формула бойынша есептеледі:

$$T2 = AET + AOT, \text{ мұнда:}$$

AET – акциялардың нарықтық құнының немесе акцияларға индекстің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарымен ерекше тәуекел;

AOT – акцияларға жалпы тәуекел.

Акцияларға ерекше тәуекелдің және акцияларға жалпы тәуекелдің есебіне нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар мынадай қаржы құралдары енгізіледі:

акциялар (артықшылықты акцияларды қоспағанда);

исламдық бағалы қағаздар;

осы тармақтың екінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген бағалы қағаздарға индекс.

21. Акциялардың нарықтық құнының немесе акциялар индексінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ерекше тәуекел (AET) мына формула бойынша есептеледі:

$$AET = AET1 + AET2, \text{ мұнда:}$$

AET1 – 0,08-ге (нөл бүтін жүзден сегізге) тең ерекше тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген қаржы құралдары бойынша ашық позициялардың (ұзақ және қысқа) сомасы;

АЕТ2 – нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар исламдық бағалы қағаздар бойынша ашық позициялар сомасы ерекше тәуекел коэффициенттері бойынша мынадай тәртіппен мөлшерленеді:

1) 0 (нөл) пайыз коэффициенті бойынша – нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, оригиналор – ұлттық холдинг, ұлттық басқарушы холдинг құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған исламдық бағалы қағаздар, Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері және орталық банктарі шығарған исламдық бағалы қағаздар түріндегі қаржы құралдары;

2) 0,25 (нөл бүтін жүзден жиырма бес) пайыз коэффициенті бойынша – нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, оригиналор – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 (бір жүз) пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған исламдық бағалы қағаздар, Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері және орталық банктарі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастырушыларының және халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілген исламдық бағалы қағаздар түріндегі 6 (алты) айдан кем өтеу мерзімі бар қаржы құралдары;

3) 1 (бір) пайыз коэффициенті бойынша – нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігі үшінші абзацының 2) тармақшасында көрсетілген, 6 (алты) айдан 24 (жиырма төрт) айға дейінгі өтеу мерзімі бар қаржы құралдары;

4) 1,6 (бір бүтін оннан алты) пайыз коэффициенті бойынша – нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар, Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігі үшінші абзацының 2) тармақшасында көрсетілген, 24 (жиырма төрт) айдан асатын өтеу мерзімі бар қаржы құралдары;

5) 8 (сегіз) пайыз коэффициенті бойынша – Әдістеменің осы тармағының бірінші бөлігі үшінші абзацының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары.

22. Акцияларға жалпы тәуекел (АЖТ) мына формула бойынша есептеледі:

АЖТ = АЖТ1 + АЖТ2, мұнда:

АЖТ1 – акцияларға жалпы тәуекел 0,08-ге тең жалпы тәуекел коэффициентінің белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнның өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзақ

позициялар сомасы мен қысқа позициялар сомасының арасындағы айырмасына көбейтіндісін білдіреді;

АЖТ2 – исламдық бағалы қағаздар бойынша жалпы нарықтық тәуекел:

әр уақыт аралығындағы мөлшерленген жабық позициялар сомасының 10 (он) пайызының;

1-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

2-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 30 (отыз) пайызының;

3-аймақтың мөлшерленген жабық позициясы мөлшерінің 30 (отыз) пайызының;

1 және 2-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

2 және 3-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 40 (қырық) пайызының;

1 және 3-аймақтар аралығындағы мөлшерленген жабық позиция мөлшерінің 100 (бір жүз) пайызының;

қалған мөлшерленген ашық позиция мөлшерінің 100 (бір жүз) пайызының сомасын білдіреді.

Мөлшерленген позициялар мынадай тәртіппен есептеледі:

1) нарықтық бағаның өзгеруіне байланысты исламдық бағалы қағаздар бойынша ашық позиция мөлшері айқындалады;

2) ашық позицияларды уақыт аралықтары бойынша бөлу Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады:

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты исламдық бағалы қағаздар кезекті төлем күніне дейін қалған мерзімге байланысты уақыт аралығы бойынша бөлінеді;

нарықтық құнның өзгеруіне байланысты исламдық бағалы қағаздар кірістілік мөлшерлемесін қайта қарau күніне дейін қалған мерзімге байланысты уақыт аралығы бойынша бөлінеді;

орындалу мерзімі екі уақыт аралығының шегінде түрған исламдық бағалы қағаздар неғұрлым ерте уақыт аралығына бөлінеді;

3) әр уақыт аралығы ішінде барлық ұзақ және қысқа ашық позициялар қосылады;

4) әр уақыт аралығы бойынша жиынтықты ұзақ және жиынтықты қысқа позициялар уақыт аралығына сәйкес келетін коэффициент бойынша мөлшерленеді;

5) мөлшерленген ашық және мөлшерленген жабық позициялар әр уақыт аралығы бойынша айқындалады.

Әр уақыт аралығының мөлшерленген ұзақ және қысқа позициялары өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға тиіс әр уақыт аралығы бойынша мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялар бөліктерінің сомасы уақыт аралығының мөлшерленген жабық позициясын білдіреді. Өзара есепке алынуға тиіс емес немесе өзара есепке алынбай қалған мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялардың бөлігі уақыт

аралығының мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларын жасай отырып жиынтықталады.

Уақыт аралықтары мына аймақтар бойынша топтастырылады:

1-аймақ кемінде 1 (бір) жылдық 4 (төрт) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде кемінде 1 (бір) ай, 1(бір) айдан 3 (үш) айға дейін, 3 (үш) айдан 6 (алты) айға дейін, 6 (алты) айдан 12 (он екі) айға дейін;

2-аймақ 1 (бір) жыл мен 4 (төрт) жыл аралығындағы 3 (үш) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде 1 (бір) жылдан 2 (екі) жылға дейін, 2 (екі) жылдан 3 (үш) жылға дейін, 3 (үш) жылдан 4 (төрт) жылға дейін;

3-аймақ 4 (төрт) жылдан асатын 6 (алты) уақыт аралығынан тұрады, оның ішінде 4 (төрт) жылдан 5 (бес) жылға дейін, 5 (бес) жылдан 7 (жеті) жылға дейін, 7 (жеті) жылдан 10 (он) жылға дейін, 10 (он) жылдан 15 (он бес) жылға дейін, 15 (он бес) жылдан 20 (жиырма) жылға дейін, 20 (жиырма) жылдан астам.

Әрбір аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялар өзара есепке алынуға жатады. Толық өзара есепке алынуға жататын әрбір аймақтағы уақыт аралықтарының ұзақ немесе қысқа позициялары бөліктегінің сомасы аймақтың мөлшерленген жабық позициясын білдіреді.

Өзара есепке алынуға жатпайтын немесе өзара есепке алынбай қалған әрбір аймақтағы түрлі уақыт аралықтарының мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларының бөлігі әрбір аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позицияларын құрай отырып жинақталады;

6) аймақтар арасындағы мөлшерленген ашық және жабық позициялар айқындалады

1-аймақтың мөлшерленген ұзақ (қысқа) позициясы 2-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позициясымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жатқан 1-аймақтың және 2-аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктегінің сомасы 1 және 2-аймақтардың арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

2-аймақтың мөлшерленген ұзақ (қысқа) позициясы 3-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позициясымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жататын 2-аймақтың және 3-аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктегінің сомасы 2 және 3-аймақтардың арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

1-аймақтың мөлшерленген ашық ұзақ (қысқа) позициясы 3-аймақтың мөлшерленген қысқа (ұзақ) позицияларымен өзара есепке алынады.

Толық өзара есепке алынуға жататын 1-аймақтың және 3-аймақтың мөлшерленген ұзақ немесе қысқа позициялары мөлшерлері бөліктегінің сомасы 1 және 3-аймақтар арасындағы мөлшерленген жабық позицияны білдіреді.

Аймақтар арасындағы өзара есепке алынғаннан кейін қалған мөлшерленген ашық позициялар қалған мөлшерленген ашық позицияны құрай отырып жиынтықталады.

Ерекше тәуекелді және жалпы тәуекелді есептеу үшін Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастыруышының немесе халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастыруышылардың сауда жүйесінде сатылатын акциялардың нарықтық құнының немесе акциялар индексінің өзгеруіне байланысты әрбір қаржы құралы бойынша ашық (ұзақ немесе қысқа) позициялар айқындалады.

Белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты қаржы құралдары бойынша ашық (ұзақ немесе қысқа) позиция белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индексінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты (оның ішінде белгілі бір акцияларды сатуға қойылатын талаптарды немесе акциялардың белгілі бір индексі бойынша төлемдерді жүзеге асыруға қойылатын талаптарды білдіретін қаржы құралдарының сомасы мен белгілі бір акциялардың немесе акциялардың белгілі бір индекстерінің нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты қаржы құралдарының, оның ішінде белгілі бір акцияларды сатуға міндеттемелерді немесе акцияларға белгілі бір индекс бойынша төлемдерді жүзеге асыру міндеттемесін білдіретін) қаржы құралдарының сомасы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

23. Шетел валюталарының айырбастау бағамының және бағалы металдар бағамының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелмен қаржы құралдары бойынша тәуекел (Т3) мына формула бойынша есептеледі:

$$T3 = k_2 * \max(AK + A\bar{Y}K; A\bar{Y} + A\bar{Y}K), \text{ мұндағы:}$$

$k_2$  – 0,08-ге (нөл бүтін жүзден сегіз) тең валюталық тәуекел коэффициенті;

$AK$  – әрбір шетел валютасы бойынша ашық қысқа позициялар (абсолюттік мәні бойынша);

$A\bar{Y}K$  – бағалы металдар бойынша ашық (ұзақ немесе қысқа) позициялар (абсолюттік мәні бойынша);

$A\bar{Y}$  – әрбір шетел валютасы бойынша ашық ұзақ позициялар (абсолюттік мәні бойынша).

Әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюталық позиция Әдістеменің 84-тармағына сәйкес есептеледі.

Әрбір шетел валютасы (бағалы метал) бойынша ашық (ұзақ немесе қысқа) позициясының есебіне шетел валютасында (бағалы металмен) көрсетілген немесе тіркелген активтер, міндеттемелер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, оның ішінде:

шетел валютасында (бағалы металмен) көрсетілген (тіркелген) активтер мен міндеттемелердің нарықтық (әділ) құнының арасындағы айырма;

форвард, немесе фьючерс және опцион операциялары бойынша алынатын және төленетін шетел валютасының (бағалы металдың) мөлшерлері арасындағы айырма;

шетел валютасында көрсетілген (тіркелген) алынған және бөлінген кепілдіктердің арасындағы айырма кіреді.

Көрсетілген айырмалардың оң мәндері шетел валютасы (бағалы метал) бойынша ашық ұзақ позициялар, ашық теріс мәндері – шетел валютасы (бағалы метал) бойынша қысқа позициялар туралы растайды.

Шетелдік валюталардың айырбастау бағамының (бағалы металдардың нарықтық құны) өзгеруіне байланысты активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизияларды (резервтерді) шегере отырып, ашық валюталық позицияның есебіне қосылады.

##### 5-параграф. Операциялық тәуекелді есептеу

24. Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалының) операциялық тәуекелі келесі формула бойынша есептеледі:

$$OT = k_1 * \overline{ЖЖК} * k_2, \text{ мұндағы:}$$

OT – Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) операциялық тәуекелі;

$k_1$  – 12,5-ке (он екі бүтін оннан бес) тең келтіру коэффициенті;

##### ЖЖК

– соңғы өткен 3 (үш) жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы осы жылдардың әр жылы сайын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) таза кіріс алған соңғы өткен 3 (үш) жылдағы жылдық жалпы кіріс сомасының Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде есептеледі;

$k_2$  – 0,08-ге (нөл бүтін жүзден сегіз) тең операциялық тәуекел коэффициенті.

Жаңадан ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) операциялық

тәуекелі қаржы жылшының аяқталуы бойынша есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа мәні өткен жылдар санын ескере отырып есептеледі.

Соңғы өткен 3 (үш) жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасын айқындау мақсатында жылдық жалпы кіріс:

жынтық кірістің, корпоративтік табыс салығының, резервтерді (провизияларды) қалыптастыруға арналған шығыстардың;

жынтық шығыстарды, провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден түсken кірістерді шегергенде сомасы ретінде айқындалады.

Операциялық тәуекел есебіне Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) зиян шеккен, бірақ провизияларды (резервтерді) қалпына келтіруден болған кірістерді шегергенде резервтерді (провизияларды) қалыптастыруға арналған шығыстарды ескере отырып, оң жалпы кіріс алған жыл енгізіледі.

Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражатқа Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы кепілдік бермейді және мұндай зиян Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының кінәсі бойынша туындаған жағдайды қоспағанда, инвестициялардан келтірілген кез келген зиянды инвестициялық депозиттерді ұстаушылар көтереді. Мұндай активтер бойынша коммерциялық тәуекел Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін резерв ретінде қабылданатын активтерді құруды талап етпейді. Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер тәуекел деңгейі бойынша сараланатын активтер есебінен алып тасталады.

## **6-параграф. Резерв ретінде қабылданатын активтердің буферлерін есептеу**

25. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалын қоспағанда) резерв ретінде қабылданатын активтердің  $k_1$  жеткіліктілік коэффициентінің мәніне қосымша ретінде резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік коэффициенті буферлерінің мынадай мәндері қолданылады:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және 2 (екі) пайызды құрайды;

контрциклдік буфер, оның мөлшері мен енгізу мерзімі Әдістеменің 9-тарауының талаптарына сәйкес белгіленеді.

көлемі мен енгізу мерзімдері Әдістеменің 10-тарауының талаптарына сәйкес айқындалатын капиталдың секторлық контрциклдік буфері;

реттеуші буфер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес Әдістеменің 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарына сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) және

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) бухгалтерлік есебінде қалыптастырылған және көрсетілген провизиялардың (резервтердің) арасындағы он айырманың (бұдан әрі – оң айырма):

активтердің, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

Оң айырманы есептеу мақсаты үшін Әдістеменің 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарына сәйкес есептелген провизиялардың (резервтердің) сомасы Әдістеменің 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) есептеудің соңғы күнінен кейін толық өтелген және (немесе) есептен шығарылған қарыздар және дебиторлық берешек бойынша провизиялар (резервтер) сомасына ай сайын азайтылады

Оң айырма Әдістеменің 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарына сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) оларды есептеудің соңғы күніне есептелген қарыздар және дебиторлық берешек бойынша есептеледі.

Оң айырманы есептеу кезінде Әдістеменің 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарына сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) сомасы провизияларды (резервтерді) есепке алмағандағы қарыз бойынша берешектен және (немесе) дебиторлық берешектен аспайтын мөлшерде қосылады.

Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) тексеру нәтижелері бойынша түзетілген оң айырма реттегіш буферді есептеу кезінде есепті айдан кейінгі есепті күннен бастап ескеріледі.

**Ескеरту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.05.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26. Әдістемеге сәйкес қалыптасқан қарыздар бойынша провизиялар (резервтер) сомасы қарыз бойынша жалпы баланстық берешек пен қарыз бойынша күтілетін дисконтталған болашақтағы ақша ағыны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Егер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизиялар (резервтер) Әдістемеге сәйкес қалыптастырылған провизиялардан (резервтерден) артық болса онда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизиялар (резервтер) танылады.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) активтері бойынша

провизияларды (резервтерді) есептеу Әдістемеге сәйкес алты айда кемінде 1 (бір) рет кезеңділікпен жүзеге асырылады.

27. Провизиялар (резервтер) сомасын есептеу:

құнсыздыған жеке қарыздар бойынша жеке;

құнсыздандыған жеке қарыздар бойынша, сондай-ақ біртекті қарыздар бойынша ұжымдық негізде жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қарыздар тобы біртекті қарыздар деп түсініледі.

28. Қарыздар, егер есепті қуні жалпы берешек активтер мен міндеттемелер туралы есептің деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайзызынан артық болса, бірақ кемінде 50 (елу) миллион теңгеден аз болмаса жеке қарыздарға жатқызылады.

29. Банктерге және халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар берешек сомасына қарамастан жеке қарыздарға жатқызылады.

30. Есепті қундегі провизияларды (резервтерді) шегергенге дейін қарыз құны (негізгі борыш, есептелген сыйақы және қарыз шарты шенберінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қарыз алушыға қоятын өзге талаптары) жалпы берешек ретінде түсіндіріледі. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) және қарыз алушының арасында бірнеше талаптар болған кезде аталған талаптардың жиынтық сомасы жалпы берешек ретінде түсіндіріледі.

(негізгі борыш, есептелген сыйақы және қарыз шарты шенберінде банктің қарыз алушыға қоятын өзге талаптары) жалпы берешек ретінде түсіндіріледі. Банк пен қарыз алушы арасында бірнеше талаптар болған кезде аталған талаптардың жиынтық сомасы жалпы берешек ретінде түсіндіріледі.

31. Банкте қарыз алушыға қоятын бірнеше талап болған кезде талаптардың біреуі бойынша құнсыздандының объективті растамасының болуы банктің қарыз алушыға қоятын барлық талаптары бойынша құнсыздандының болуын раставиды.

32. Қарыздар, егер:

қарыздар жеке қарыздарға жатқызылмаса;

не құнсыздандының объективті белгілері анықталмаса;

не құнсыздандының объективті белгілері анықталса, және келешектегі ақша ағынының келтірілген құны қарыздың провизияларды (резервтерді) шегергенге дейінгі құнынан артық болса ұжымдық негізде бағаланады.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) жеке қарыздарға жатқызылмайтын, құнсыздану белгісі бар біртекті қарыздарының портфельдерін қалыптастыруына жол беріледі.

33. Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк), ұлттық басқарушы холдингтерге және олардың еншілес ұйымдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ұлттық басқарушы холдингтерінің және оның еншілес ұйымдарының кепілдігімен берілген қарыздар бойынша қойылатын талаптар бойынша провизиялар (резервтер) сомасы есептелмейді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизиялар (резервтер) мөлшерінен кем емес мөлшердегі провизиялардың (резервтердің) мөлшерін мойындайды.

34. Жеке қарыздар бойынша құнсызданудың объективті растамасы болып табылатын мынадай кез келген оқиғалардың болуы бағаланады:

1) қарыз алушыда (қоса қарыз алушыда) банктің ішкі әдістемесіне (ішкі модельдеріне) сәйкес құнсыздану деңгейіне сәйкес келетін ішкі рейтингінің (балдың) болуы;

2) мынадай белгілерге сәйкес қарыз алушыда біршама қаржылық қындықтардың болуы:

жеке тұлғалар үшін:

қарыз бойынша төлемдерді тұрақты және (немесе) уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы;

қарыз алушының (қоса қарыз алушының) кірістілік немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің тұрақты және біршама нашарлауы;

кредиттік досьесінің болмауы;

қарыз алушының (қоса қарыз алушының) соңғы 5 (бес) жылдағы кредиттік тарихы немесе қарыз алушының (қоса қарыз алушының) төлем қабілеттілігі туралы өзге де ақпарат қарыз алушының (қоса қарыз алушының) банк алдындағы міндеттемелерін уақтылы орындағаны немесе негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімін өткізу сомасы 5 000 (бес мың) теңгеден аспайтын (аспаған) және (немесе) мерзімін өткізудің ең көп мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын (аспаған) жағдайларды қоспағанда, төлем жасауға қабілетсіздігі туралы қуәландырады;

еңбекпен қамтылмауы немесе коммерциялық қызметінің болмауы;

қарыз алушыға (қоса қарыз алушыға) материалдық зиян келтірген немесе оған өзге коммерциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндік бермейтін факторлардың болуы;

қарыз алушының (қоса қарыз алушының) банкпен өз міндеттемелері бойынша есептеспеу ықтималдылығының көп болуы.

занды тұлғалар үшін:

қарыз алушының (борышкердің, қоса қарыз алушының) қаржылық есептілігін талдаудан, ақша қаражатының қозғалысы бойынша үзінді-көшірмелерден,

мониторингтік есептерден және өзге жалпыға қол жетімді дереккөздерден байқалатын қаржылық жағдайының тұрақты және (немесе) біршама нашарлауы;

өтken кезеңдегі шығындардың өсу серпінінің кемінде 12 (он екі) ай болуы;

қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалау бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ішкі әдістемесіне сәйкес есептелген коэффициенттердің тиімсіз мәні, төлем қабілеттілігі деңгейінің төмен болуы, қарыз қаражатына қатты мұқтаждық;

теріс меншікті капиталының болуы;

нарықтық үлесінің тұрақты төмендеуі (ақпарат болса), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) қарыз алушы (борышкер, қоса қарыз алушы) қабылдаған шаралардың қаржылық жағдайды тұрақтандыру үшін тиімді болуына сенімділіктің болмауы;

қарыз алушының (борышкердің, қоса қарыз алушының) қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты бұрын ұсынылған қарызды өтеу мақсатында қарыз алушыға (борышкерге, қоса қарыз алушыға) қарыз беру;

кредит қаражатын "инвестициялық мақсаттарға" (инвестициялық қарыз) нысаналы пайдаланатын занды тұлғалар үшін:

қарыз алушының (қоса қарыз алушының) қаржылық ахуалының үнемі және (немесе) айтарлықтай нашарлауы, яғни кредиттеудің басынан кірістер, төлем қабілеттілігі және зияндар деңгейі борышкердің бизнес-жоспарында көзделген деңгейден айтарлықтай жағымсыз ауытқулары бар және бизнес-жоспарды іске асыруға ықпал етеді;

нарықтық үлестің төмендеуі (ақпарат болса);

қарыз алушы (қоса қарыз алушы) қабылдайтын шаралар қаржылық ахуалын тұрақтандыру үшін тиімсіз;

1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге санкциялардың болуы;

төтенше жағдайлардың, сондай-ақ қарыз алушыға (қоса қарыз алушыға) зиян келтірген, алайда оның қызметін тоқтатуға әкелмеген өзге де жағдайлардың болуы.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) немесе олардың мамандандырылған бөлімшелерінің (Standard & Poor's Financial Services LLC, Fitch Ratings Inc., Moody's Investors Service, Fair, Isaac and Company (FICO), Experian plc., Deloitte Touche Tohmatsu Limited, Ernst & Young Global Limited, KPMG, PricewaterhouseCoopers International Limited) қатысуымен әзірленген және тестілеуден өтken ішкі рейтинг үлгісі болған кезде, қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қыындықтарының бар екендігін анықтау мақсаты үшін ішкі рейтингті пайдаланады;

3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік құннен астам мерзімі өткен берешегінің болуы;

4) соңғы 12 (он екі) ай ішінде қарызды бір және одан көп рет қайта құрылымдау. Қарызды қайта құрылымдау деп қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз шартының тәртібі мен талаптарының кез келген өзгеруі түсініледі. Қайта құрылымдауға мына жағдайлардың кез келгені жатады:

қарыз бойынша төлемдер кестесінің өзгеруі, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) сыйақыны өтеу үшін қарыз бойынша төлемдер бойынша жеңілдік беру не ұзарту, қарыз мерзімін ұзарту, қарыз бойынша бір немесе одан да көп төлемнің мерзімін кейінге қалдыру, қарыз бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының бөлігін есептен шығару немесе кешіру, сыйақы бойынша мерзімі өткен төлемдерді капиталдандыру, қарыз валютасын сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті капиталдандыра отырып, бір валютадан басқа валютаға өзгерту (конвертация);

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалындағы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалыдағы), оның ішінде басқа банктердегі қолданыстағы қарыз бойынша берешекті төлеу үшін жаңа қарыз беру. Жаңа және қолданыстағы қарыздарда қайта құрылымдау түріндегі құнсыздану белгісі болады;

мерзімі өткен берешек болған жағдайда кредиттік лимитті ұлғайту;

қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

қарыз бойынша берешекті кепілмен қамтамасыз ету есебінен төмендету.

Осы тармақшаның мақсаты үшін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүргізілген қайта құрылымдау қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) және олардың мамандандырылған бөлімшелерінің қатысуымен өзірленген және тестілеуден өткен ішкі рейтингтік үлгі болған кезде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауымен соңғы 12 (он екі) айдағы ішкі кредиттік рейтингтің нашарлау серпінімен жиынтықта кредиттік рейтингті таниды; (тең қарыз алушының) басқа банктерде күнтізбелік 90 (тоқсан) құннен астам;

6) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) берген қарызды (айналым қаражатын толықтыруға берілген қарыздарды қоспағанда) нысаналы пайдаланбау;

7) ақпаратты Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ішкі құжаттарына сәйкес ұсыну үшін белгіленген есепті құннен бастап 6 (алты) ай ішінде қарыз алушы (

қоса қарыз алушы) занды тұлғаның қаржылық ахуалын анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттың болмауы;

8) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) төтенше жағдайлар, сондай-ақ қарыз алушыға (қоса қарыз алушыға) айтарлықтай материалдық зиян әкелген немесе оған өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермеген өзге де жағдайлар туралы ақпараттың болуы;

9) қарыз алушының (қоса қарыз алушының) банкротқа ұшырауының немесе басқалай түрдегі қаржылай қайта құрылуының, сондай-ақ оның қаржылық ахуалын нашарлататын соттың қарауына тартуының жоғары ықтималдығы;

10) 3 (үш) жылдан астам мерзімге берілген қарыз бойынша негізгі борышты және сыйақыны өтеу қарыз мерзімінің соңында жүзеге асырылады;

11) жеке тұлға қарыз алушының (қоса қарыз алушының) қайтыс болғаны туралы ақпараттың болуы;

12) жеке тұлға қарыз алушының (қоса қарыз алушының) еңбекпен қамтылмағаны немесе коммерциялық (кәсіпкерлік) қызметінің болмауы туралы ақпараттың болуы.

Тең қарыз алушы дегеніміз қарыз алушымен бірге қарыз (кредит) шартына қол қоятын және қарыз (кредит) шарты бойынша алған ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді орындауға ортақ жауап беруші ретіндегі жеке немесе занды тұлғаны білдіреді.

Инвестициялық қарыз (кредит) мынадай талаптарға сәйкес келетін қарызды (кредитті) білдіреді:

қарыз (кредит) мерзімі 5 (бес) және одан астам жылды құрайды;

қарыз (кредит) шартының талаптарымен мерзімінен бұрын толық өтеуге тыйым белгіленген. Қарызды ішінara өтеу қарыз алушының бизнес-жоспарында көзделген мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылады;

қарыз (кредит) занды тұлғаға материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруды көздейтін оның бизнес-жоспарына сәйкес беріледі.

35. Құнсыздандының объективті растамасы анықталған әрбір жеке қарыз бойынша болашақ ақша ағындары есептеледі және қарыз бойынша сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған болашақ ақша ағындарының келтірілген құны айқындалады.

Қарыз алушыда 2 (екі) және одан да көп қарыз болған кезде қарыз бойынша жалпы ақша ағынын есептеуді жүзеге асыруға және уәкілетті орган тексеру жүргізуі шенберінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) есептеу әдісін қабылдаған кезде есептеу құнгі негізгі борыштың қалдығы бар әрбір жеке қарыз бойынша сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесін есептеу арқылы есептелетін

сыяқының орташа алынған бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконттауға жол беріледі.

36. Кепіл мүлкін сатудан ағындардың дисконтталған құнын есептеген кезде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ішкі құжаттарында белгіленген кепіл мүлкін сату мерзімі, алайда кепіл мүлкінің мына түрлері үшін кемінде 24 (жиырма төрт) ай ескеріледі:

- 1) жылжымайтын мүлік;
- 2) жабдық және негізгі құрал-жабдықтар;
- 3) әуе, су көлігі, теміржол жылжымалы құрамы, көлік құралдары;
- 4) жер қойнауын пайдалану құқығы;
- 5) тауар-материалдық құндылықтар;
- 6) ауылшаруашылығы жануарлары, өсімдік өсіру өнімдері.

37. Күтілетін болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) қарыз алушының ақша қозғалысы бойынша үзінді-көшірмелер;
- 2) қарыз алушының (кепілдік берушінің, кепілгердің) қаржылық жағдайының мониторингтік есептері;
- 3) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) бөлімшелерінің (кредит бөлімшесінің, кредит тәуекелдерін басқару бөлімшесінің, экономикалық қауіпсіздік бөлімшесінің немесе заң бөлімшесінің) қорытындылары (сараптамалары);
- 4) кепілмен қамтамасыз етуді бағалау бойынша қорытындылар;
- 5) қарыз алушының (қоса қарыз алушының) және (немесе) кепілдік берушінің негізі қызметі бойынша шарттар, олар бойынша тұрақты болып табылатын ақша ағынның түсі және растайтын құжаттардың болуын көздейді;
- 6) кепіл мүлкін сатып алу-сату шарттары;
- 7) соттың мүлікті сату есебінен берешекті өндіріп алуға арналған шешімдері;
- 8) осы мүліктің болуын растау кезінде, соттың кепілмен қамтамасыз ету болып табылмайтын мүлікті өндіріп алуға арналған шешімдері.

38. Қарыз алушының (қоса қарыз алушының) және (немесе) кепілдік берушінің негізгі қызметінен ақша ағындары провизияларды (резервтерді) есептеген кезде мынадай жағдайларда:

- 1) егер қарыз алушы (қоса қарыз алушы) жеке тұлға болып табылса;
- 2) қарыз алушының (қоса қарыз алушының) және (немесе) кепілдік берушінің негізгі қызметі, қаржылық ахуалы бойынша дәйекті ақпарат болмаса не ұсынылмаса не негізгі қызмет расталмаса ескерілмейді. Қарыз алушының қаржылық есептілігіндегі жол берілетін айырма мөлшері валюта балансынан 1 (бір) пайыздан аспайды;

3) объективті себептер болмаған жағдайда қарыз алушы (қоса қарыз алушы) заңды тұлғаның қаржылық ахуалына есепті күннен бастап соңғы 6 (алты) айға мониторингтің болмауы;

4) егер қарыз алушының (қоса қарыз алушының) негізгі қызметінен кірістер біржолғы болып табылса және тұрақты (белгіленген шарттық қатынастар шеңберінде) болмаса;

5) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 180 (жұз сексен) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар болған жағдайда ескерілмейді.

Осы тармақтың мақсат үшін провизияларды (резервтерді) есептеген кезде кепілгер болып табылатын жеке тұлғадан ақша ағындары ескерілмейді.

Егер қарыз алушының (қоса қарыз алушының) операциялық қызметінен кіріс көздері осы кепілді қамтамасыз етуді сатуға байланысты болса, провизияларды (резервтерді) есептеген кезде кепілді қамтамасыз етуді сатудан және қарыз алушының (қоса қарыз алушының) операциялық қызметінен ақша ағындарын бір мезгілде есепке алуға болмайды.

39. Қамтамасыз етуді сатудан түсken күтулі ақша ағындарын есептеу кезінде кепілдің тұрақсыз түрлерінің құны қосылмайды.

Кепілдің тұрақсыз түрлері – болашакта түсетін мүлік және ақша (Әдістеменің 40-тармағының бірінші бөлігінде көзделген банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеуге арналған шотқа аударылатын ақшалай түсімдер бойынша мемлекеттік әріптеске қойылатын талаптар құқықтарын, сондай-ақ осы Әдістеменің 41-тармағында көзделген талаптарға сәйкес банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын келісімшарт бойынша болашакта off-take бойынша түсетін ақшаны қоспағанда), оның ішінде үлестік қатысу шарттары бойынша (мемлекет қатысатын компаниялармен (квазимемлекеттік сектор субъектілерімен) жасалған шарттар бойынша түсетін ақшаны қоспағанда), сақтандыру шарттары (Standard&Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" – тен төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің рейтингі бар сақтандыру ұйымдарымен (бұдан әрі-басқа рейтингтік агенттіктер) жасалған міндеттемелердің сөзсіз және қайтарып алынбайтын орындалуы туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарттарын, талаптары Әдістеменің 40-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген сақтандыру шарттарын қоспағанда), жеке немесе заңды тұлғалардың кепілдіктері (Standard&Poor's рейтинг агенттігінің "BB+"-тен төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлғалардың кепілдіктерін, Standard&Poor's рейтинг агенттігінің немесе басқа рейтинг агенттіктерінің "B"-тен төмен емес кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерін, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер мен олардың

еншілес ұйымдары берген кепілдіктерді қоспағанда), Қазақстан Республикасының сауда-саттық ұйымдастырушыларының және (немесе) халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілмен материалдық емес активтер, жарғылық капиталға қатысу үлестері немесе бағалы қағаздар (айналым қаражатын қаржыландырумен байланысты емес мақсаттарға берілген қарыздар бойынша берешектің есептелген сыйақыларды, салық аударымдарын және есептелген амортизацияны (EBITDA) төлеу жөніндегі шығыстар шегерілгенге дейінгі пайдаға қатынасы 4) аспайтын занды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін және (немесе) бағалы қағаздарын кепілдікпен қамтамасыз етуге қабылданғандарды қоспағанда), Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі қағаз астық қолхаттары, кепілмен қамтамасыз ету (Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі кепілмен қамтамасыз етуді қоспағанда, кепілмен қамтамасыз етудің тиісінше ресімделгенін раставтын көрсетілген елдердің құқығына сәйкес Заң консультанттарының немесе банктің еншілес ұйымдары мамандарының қорытындысы болған кезде).

Off-take келісімшарты дегеніміз өндіруші (жеткізуші) мен тапсырыс берушінің арасында жеткізудің құны, саны (көлемі) және мерзімдері бойынша алдын ала келісілген талаптармен болашақта жеткізумен тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сату туралы жасалған келісімді білдіреді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген ұфым Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкінің филиалдарына қолданылмайды.

40. Банктік қарыз шарты Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шенберінде занды тұлғамен жасасады және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудың инвестициялық кезеңі 36 (отыз алты) айдан аспайды. Инвестициялық кезең банктік қарыз шартын (кредит желісін беру (ашу) туралы келісім) жасасқан күннен бастап инвестициялық шығындардың өтемақысы төлемінің басталған күні аралығы болып табылады;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын қарыз (кредит желісінің шенберінде берілген қарыз) сомасы шенберінде кезең-кезеңмен қаржыландыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

кезең-кезеңмен қаржыландыру сомасы инвестициялық кезеңнің тәрттең бірінде жалпы қарыз (кредит желісінің шенберінде берілген қарыз) мөлшерінің 30 (отыз) пайызынан аспайды;

кезең-кезеңмен қаржыландыру сомасы инвестициялық кезеңнің жартысында жалпы қарыз (кредит желісінің шенберінде берілген қарыз) мөлшерінің 50 (елу) пайызынан аспайды;

құрылыш нысанына техникалық қадағалауды мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты негізінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы тандаған занды тұлға жүзеге асырады.

Әдістеме мақсатында Standard&Poor' s рейтинглік агенттігінің немесе басқа рейтинглік агенттіктердің "BB+" - тен төмен емес рейтингі бар сақтандыру ұйымымен жасалған сақтандыру шартында сақтандырушыға пайда алушыға (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалына) сақтандыру төлемінен (сақтандыру төлемін) бас тартуға (жүзеге асырмауға) мүмкіндік беретін тек қана мынадай:

сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) зияндардың орнын толтыру туралы талаптары сақтандыру сомасының мөлшерінен асуы;

залалдың немесе шығындардың ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті улану, әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, түрлі сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер нәтижесінде пайда болуы;

банктік қарыз шартының жарамсыз болып танылуы;

осындағы өзгерістерді сақтандырушының жазбаша келісімінсіз банктік қарыз шартына, кепіл шартына, кепілдеме шартына немесе кепілдемеге айтарлықтай өзгерістер енгізілуі;

пайда алушының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы жалған мәліметтер хабарлауы;

пайда алушының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) зиян үшін жауапты тұлғадан немесе үшінші тараптан зиянның толық өтемін алуы;

пайда алушының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуының мән-жайын тексеруге және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге кедергі жасауы;

пайда алушының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) сақтанушыға, оның ішінде сот немесе соттан тыс тәртіpte банктік қарыз шарты бойынша өзінің талап ету құқықтарынан бас тартуы жағдайларынан ғана тұрады.

Сақтандыру шартында сот жарамсыз деп таныған кепіл шартын есепке алмай (шегеріп) сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптарын көрсетуге жол беріледі. Бұл жағдайда сақтандыру шарты сот жарамсыз деп таныған кепіл шартын шегере отырып қамтамасыз ету ретінде ескеріледі.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) қамтамасыз ету ретінде қабылдаған кезде сақтандыру шарты сөзсіз франшиزانы шегере отырып қабылданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарына қолданылмайды.

41. Off-take келісімшарты бойынша болашакта түсетін ақша мынадай талаптар сақталған жағдайларда:

1) мыналар тапсырыс беруші болғанда:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлға, не;

мемлекеттік мекеме, не;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды;

Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "BB-" -тен төмен емес рейтингі бар заңды тұлға, не;

ірі жүйе құраушы кәсіпорын, не;

осы тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген тұлғалар соңғы 2 (екі) жыл ішінде кірісінің кем дегенде 70 (жетпіс) пайызын қалыптастыратын заңды тұлға;

2) келісімшарттың талаптарында өндіруші (жеткізуші) келісімшарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде тапсырыс берушінің өндірушінің (жеткізушінің) алдындағы өзінің міндеттемелерін міндетті орындауды көзделгенде;

3) өндіруші (өнім беруші) - қарыз алушыда кредиттік бюроның деректері бойынша соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам мерзімі өткен берешектің жоқ екенін білдіретін оң кредиттік тарихы кепілдің тұрақсыз түрлерінен шығарылады.

Ірі жүйе құраушы кәсіпорындарға мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін кәсіпорындар жатады:

өнімді сатудан (қызмет көрсетуден) түскен түсімі соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 50 (елу) миллиард теңгені құрайтын;

салық аударымдары соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 3 (үш) миллиард теңгені құрайтын.

Осы тармақтың талабы Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарына қолданылмайды.

42. Ақша ағындарын бағалау кезінде қарыз алушының (қоса қарыз алушының) және (немесе) кепілдік берушінің банктің талаптарын өтеу үшін жеткілікті таза ақша ағындарын, оның ішінде банкте осындағы ақпарат бар болса, басқа кредиторлар алдындағы міндеттемелерін өтеуді ескере отырып жинақтау мүмкіндігін талдайды.

43. Қамтамасыз етуді сатудан күтілетін болашақ ақша ағындарының келтірілген құнының есебі қамтамасыз етуді сату ықтималы бар-жоқтығына қарамастан қамтамасыз етуге өндіріп алу өтініші салдарынан туындайтын ақша ағындарын көрсетеді.

Қамтамасыз етуді сатудан ақша ағынын есептеген кезде ақша ағыны есептелетін сатудан осы кепілмен қамтамасыз етілген өзге де талаптардың болуы ескеріледі. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкінің филиалында) осы кепілмен қамтамасыз етілген өзге де талаптар бар болған кезде көрсетілген талаптардың баланстық құнының арақатынасы пропорциясын негізге ала отырып қамтамасыз етуді сатудан ағыны есептеледі.

44. Қарыздар бойынша провизияларды (резервтерді) ұжымдық негізде есептеу Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің уәкілетті органы бекіткен Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкі филиалының) ішкі әдістемесі негізінде ұжымдық негізде әрбір портфель бойынша жеке жүзеге асырылады.

Егер ұжымдық негізде бағаланатын жеке қарыз бойынша Әдістеменің 34-тармағына сәйкес құнсыздандының объективті растамасы болып табылатын бір немесе бірнеше оқиғаның болуы туралы ақпарат қолжетімді болса, осындай қарыз ұжымдық негізде бағаланатын қарыз портфелінен алып тасталады және провизияларды (резервтерді) есептеу құнсызданған жеке қарыздар ретінде жүзеге асырылады.

Егер резерв ретінде қабылданатын активтердің  $k_1$  жеткіліктілік коэффициентінің нақты мәні Нормативтердің 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік коэффициентінің мәнінен төмен болмаса, бірақ резерв ретінде қабылданатын активтердің  $k_1$  жеткіліктілік коэффициенті буферлерінің мәндерін ескере отырып, резерв (реттеуіш буферді қоспағанда) ретінде қабылданатын активтердің  $k_1$  жеткіліктілік коэффициентінің мәнінен төмен болса, онда Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкі филиалының) қызмет нәтижелерін пайдалануға Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкі филиалының) қызмет нәтижелерін шектеудің ең аз мөлшеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкіне кірістер жіберу бөлігінде шектеу қойылады.

Оң айырмасы бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-исlam банкінің филиалына) және  $k_1$  резерві ретінде қабылданатын, Нормативтердің 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған, резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік коэффициентінің мәніне сәйкес белгіленгеннен төмен емес, бірақ бұл ретте  $k_1$  резерві ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік коэффициенті буферлерінің мәндерін ескере

отырып, k1 резерві ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік коэффициентінің мәнінен төмен, Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкіне кірістер жіберу бөлігінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қызмет нәтижелерін шектеудің ең аз мөлшеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) қызметінің нәтижелерін пайдалануға шектеу қойылады.

Резерв ретінде қабылданған активтердің k1 жеткіліктілік коэффициентінің мәні, резерв ретінде қабылданатын активтердің буферлерін ескере отырып, Әдістеменің 4-тармағында көзделген резерв ретінде қабылданған активтердің құрауыш бөліктері ретінде жетіледі.

Әдістеменің талаптарына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданған активтердің буферлерінің мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетілмейді.

**3-тaraу. Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін есептеу әдістемесі**

**1-параграф. Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін есептеу**

45. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалымен (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалымен) айрықша қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын қарыз алушылар үшін k3-1 k3 бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері мынадай түрде айқындалады:

$$k3-1 = \frac{БТМ}{РКА} \leq 0,10, \text{ мұнда:}$$

БТМ – Әдістеменің 2-тарауының 2-параграфына сәйкес есептелген бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері;

РКА – Әдістеменің 2-тарауының 2-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтер.

Басқа қарыз алушылар үшін k3 бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері мынадай түрде айқындалады:

$$k3 = \frac{БТМ}{РКА} \leq 0,25, \text{ мұнда:}$$

БТМ – Әдістеменің 2-тарауының 2-параграфына сәйкес есептелген бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері;

РҚА – резерв ретінде қабылданатын активтер.

Қарыз алушының алдында шартты міндеттемелермен қамтамасыз етілмеген бланкілік қарыздар бойынша басқа да қарыз алушылар үшін не тиісті қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша ағымдағы және кейінгі 2 (екі) айдың ішінде қарыз алушыға олар бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) талаптар туындайтын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы үшін, Standard & Poor's агенттігінің рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Қазақстан Республикасының егеменді тәуелсіз рейтингінің 1 (бір) тармағынан аспайтын және Standard & Poor's рейтингілік агенттігінің немесе басқа рейтингілік агенттіктердің "A" - дан төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне талаптарды қоспағанда, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері кемінде 0,10 (нөл бүтін жүзден он) болады.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалымен (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) айрықша қатынастармен байланысты қарыз алушылар бойынша тәуекелдердің жиынтық сомасы резерв ретінде қабылданған активтердің мөлшерінен аспайды.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) бір қарыз алушыға келетін тәуекелдерінің жиынтық сомасы, резерв ретінде қабылданған активтердің 10 (он) пайызынан аспайтын әр қайсының тәуекелінің мөлшері, резерв ретінде қабылданған активтердің мөлшерінен 5 (бес) еседен аспайды.

Тиісті қарыз алушылар дегеніміз Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген талаптардың біреуіне сәйкес келетін қарыз алушы заңды тұлғаларды қоспағанда, барлық қарыз алушыларды – заңды тұлғаларды білдіреді.

Бір қарыз алушыны оған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) талаптары бар немесе Әдістеменің 51-тармағында көрсетілген талаптар туындауы мүмкін әрбір жеке немесе заңды тұлға деп түсіну керек. 2 (екі) немесе одан да көп қарыз алушылардан тұратын топ үшін тәуекел мөлшері, егер қарыз алушылардың әрқайсысының тәуекел мөлшері банктің резерв ретінде қабылданатын активтерінен 0,05 (нөл бүтін жүзден бес) пайызынан асатын болса, сондай-ақ мынадай жағдайлардың бірі болғанда 1 (бір) қарыз алушыға ретінде жиынтықты түрде есептеледі:

1) қарыз алушылардың бірі басқа қарыз алушының ірі қатысуышы (акционерлік қоғамда, жауапкершілігі шектеулі серіктестікте немесе қосымша жауапкершілігі бар

серіктестікте ірі қатысушы; коммандиттік серіктестікте толық серіктес; толық серіктестікке қатысушы), үлестес тұлғасы, жақын туысы (ата-анасы, баласы, асыраушысы, асырап алған баласы, туған және туысқан ағасы-інісі немесе апасы-қарындасы (сіңлісі), атасы, әжесі, немересі), жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы, бірінші басшысы не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мұдделі тұлға болып табылады;

2) бір қарыз алушының ірі қатысушысы, үлестес тұлғасы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір қарыз алушымен мәміле жасауға мұдделі тұлға басқа қарыз алушының ірі қатысушысы, үлестес тұлғасы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мұдделі тұлға болып табылады;

3) бір қарыз алушының ірі қатысушысы, үлестес тұлғасы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір қарыз алушымен мәміле жасауға мұдделі тұлға басқа қарыз алушының не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мұдделі тұлғаның ірі қатысушысының, үлестес тұлғасының, жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жұбайы (зайыбы) жақын туысының немесе бірінші басшысының ірі қатысушысы, үлестес тұлғасы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не мәміле жасауға мұдделі тұлғасы болып табылады;

4) қарыз алушылардың бірі өзі Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалынан (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалынан) қарызга алған қарызды беретін қарыз алушының меншікті капиталынан асатын мөлшерде басқага пайдалануға бергенін растайтын жеткілікті негіздер бар;

5) қарыз алушылар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалынан (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалынан) қарызга алған қаражатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қарыз алушысы болып табылмайтын сол үшінші тұлғаға осы қарыз алушылардың жиынтық меншікті капиталынан асатын мөлшерде бірлесіп немесе жекелей бергенін растайтын жеткілікті негіздер бар;

6) қарыз алушылар қарыз алушылардың бірі (Қазақстан Республикасының банктерін қоспағанда) басқа қарыз алушының міндеттемелері бойынша жасалған шарттарға сәйкес оның активтерінің 10 (он) пайзызынан асатын сомада ортақ немесе субсидиарлық жауап беретіндей турде байланысты;

7) бір қарыз алушының лауазымды тұлғасы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) басқа қарыз алушыларының қызметіне қаржылық жағынан мұдделі;

8) қарыз алушылар бір-бірімен бірлескен қызмет туралы шартпен не бірлескен қызмет туралы шарттың белгілері бар өзге құжатпен байланысты;

9) қарыз алушылар бір-бірімен бірлескен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа негіздер бойынша байланысты;

10) қарыз алушылар жылжымайтын мүлік құрылышы жөніндегі жобаның тапсырыс берушісін, салынып жатқан объект құрылышы бойынша үлескерлік қатысуышыларды және үлескерлік қатысуышылардың кепілгерлерін қоса алғанда жылжымайтын мүлік құрылышы жөніндегі жобаның қатысуышылары болып табылады. Осы тармақшада аталған қарыз алушылар тобы құрган бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері салынып жатқан объектінің құрылышы бойынша үлескерлік қатысуышылар - жеке тұлғалардың және (немесе) үлескерлік қатысуышылар кепілгерлерінің қатысуымен құрылған топ үшін Әдістеменің осы тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларына сәйкес бір қарыз алушыға ретінде келетін тәуекел мөлшерінің жиынтық есебіне қабылданбайды.

46. Егер мемлекет (уәкілетті орган, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган арқылы) 2 (екі) және одан да көп заңды тұлғаның ірі қатысуышы болып табылса, осындағы топқа қатысты тәуекел мөлшері, егер басқа ірі қатысуышылар, сондай-ақ Әдістеменің 45-тармағында белгіленген, қарыз алушылардың осы тобына қатысты тәуекелдің мөлшерін бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері ретінде жиынтықты түрде есептеу қажет болатын өзге де жағдайлар болмаса, бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері ретінде есептелмейді.

47. Әдістеменің 45-тармағының қарыз алушылар тобын тану жөніндегі талаптары акцияларының мемлекеттік пакеті (қатысу үлесі) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын және "Бәйтерек" ұлттық басқаруши холдингі" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілген заңды тұлғаларға қолданылмайды.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқаруши холдингі" акционерлік қоғамы дауыс беретін акцияларының 25 (жиырма бес) және одан астам пайызына тікелей иелік ету (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалдары) бойынша – жанама) нәтижесінде үлестес болып табылатын 2 (екі) және одан көп ұйым (оның ішінде банктер) бір қарыз алушы және (немесе) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалымен (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалымен) айрықша қатынастармен байланысты тұлға ретінде танылмайды.

Жоғарыда көрсетілген ұйымдардың бірімен үлестес немесе көрсетілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалдарының) бірімен айрықша қатынастармен байланысты заңды және (немесе) жеке тұлғалар да басқа ұйымның

немесе көрсетілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалдарының) басқаларымен айрықша қатынастармен байланысты тұлғаның үлестес тұлғаларымен бірге бір қарыз алушы ретінде танылмайды.

"Стресстік активтер қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Стресстік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясының көрсетілген қарыз алушылардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеленуі нәтижесінде үлестес болып табылатын қарыз алушылар бір қарыз алушы ретінде танылмайды.

48. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қарыз алушыға қоятын талаптарының олар туындаған күнгі жалпы көлемі Әдістемеде белгіленген шектеулер шегінде болса, бірақ кейіннен соңғы 3 (үш) ай ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) резерв ретінде қабылданған активтерінің деңгейі 5 (бес) пайыздан артық төмендеуіне байланысты көрсетілген шектеулерден асып кеткен жағдайда не соңғы 3 (үш) ай ішінде қарыз алушыға қойылатын талаптар 10 (он) пайыз деп көрсетілген теңгендегі шетел валютасымен орташа алынған биржалық бағамының ұлғауынан Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қарыз алушыға қоятын талаптарының өсуіне байланысты бір қарыз алушыға келетін тәуекел нормативінің ең жоғары мөлшері орындалды деп есептеледі.

49. Егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) қарыз алушысы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) алдында міндеттемелер туындаған кезде Егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалымен (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалымен) айрықша қатынастармен байланысты тұлға болып табылмаған, бірақ кейіннен осындай болса, онда Нормативтердің 2-тармағының 1) тармақшасында белгіленген осындай қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері асып кеткен жағдайда, көрсетілген асып кету мынадай талаптарға сәйкес келген кезде:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) Әдістеменің 51-тармағының он алтыншы абзацына сәйкес қарыз алушының қосымша қамтамасыз етуді ұсыну немесе норматив мөлшерін сақтау үшін қажетті мөлшерге дейінгі Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) талаптарының бөлігін орындау жөніндегі қабілеттілігін растай отырып

және уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде осы бұзушылықты жою жөнінде міндеттемелер қабылдай отырып осындай асып кету туралы уәкілетті органға деру хабарласа, бұзушылық ретінде қаралмайды.

50. Әдістеменің 49-тармағының талаптары, егер қарыз алушылар міндеттемелер туындаған сәтте бір қарыз алушы ретінде қаралмай, бірақ кейіннен осындай болған жағдайда да қолданылады.

2-параграф. Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшерін есептеу

51. Бір қарыз алушыға (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) тәуекел мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

БТМ = ҚСДБ + ШЫМ + СА + СП + СФОФ + К + КШ – П, мұндағы:

БТМ – бір қарыз алушыға тәуекелдің мөлшері;

ҚСДБ – қарыздар, салымдар, дебиторлық берешек, бағалы қағаздар түріндегі талаптар (Әдістеменің 5-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда);

ШЫМ – Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер түріндегі талаптар;

СА – Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалында) секьюритилендірудің шектеулі тәсілін қолдануға уәкілетті органның жазбаша растауы жоқ қарыз алушыларға жататын секьюритилендірілген активтер түріндегі талаптар;

СП – секьюритилендіру позициялары түріндегі талаптар;

СФОФ – кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құнының және олар бойынша кредиттік тәуекелдің сомасы ретінде есептелген своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар түріндегі талаптар.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел көрсетілген қаржы құралдарының нақтылық құнының Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес Туынды қаржы құралдарына арналған кредиттік тәуекел коэффициенттерінің кестесінде көрсетілген және көрсетілген қаржы құралдарын өтеу мерзімімен айқындалатын кредиттік тәуекел коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Әдістеменің осы тармағында көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны (ауыстыру құны):

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - қаржы құралының нақтылық келісімшарттық құнынан осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының асу шамасын білдіреді. Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның нақтылық келісімшарттық құнынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады ;

сатуға арналған мәмілелер бойынша – қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан осы қаржы құралының нақтылы келісімшарттық құнының асу шамасын білдіреді. Егер қаржы құралының нақтылы келісімшарттық құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары (талабы мен міндеттемесі түрлі шетел валюталарында көрсетілген қаржы құралдары) бойынша ауыстыру құны есептілікті құру құніне белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгемен баламасынан талаптардың теңгемен баламасының асу шамасы ретінде айқындалады. Егер талаптардың теңгемен баламасының шамасы міндеттемелердің теңгемен баламасынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының нақтылы келісімшарттық құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелер жасалған күні көрсетілген қаржы құралдарының құнын білдіреді. Бивалюталық қаржы құралдарының нақтылы келісімшарттық құны ретінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) талаптар қалыптастырылатын валюта алынады.

Сатылған опциондар бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшеріне енгізілмейді;

К – "Стрестік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясымен секьюритилендіру мәмілелері бойынша қарыздар (кредиттер) түріндегі талаптар;

КШ – корреспонденттік шоттар бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктеріне, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктеріне және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктеріне қойылатын, Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес және Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалының активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген талаптар;

П – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизиялардың (резервтердің) сомаларды, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;  
экспортқа қолдау көрсету бойынша функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді сөзсіз және қайтарымсыз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттары түріндегі қамтамасыз ету сомалары шегерілген талаптардың сомасы түрінде есептеледі.

Бір қарыз алушыға келетін тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкіне, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғага, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына, "Стресстік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалының) активтер мен міндеттемелер туралы есептен шығарылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалының) қарыз алушыға қоятын талаптары, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес провизиялардың (резервтердің) бір жүз пайызы қалыптастырылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалының) қарыз алушыға қоятын талаптары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар бойынша талаптар;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) бұрын еншілес банк болып табылған, қайта құрылымдауды және активтер мен міндеттемелерді Банктер туралы заңға сәйкес бас банкке бір мезгілде беру операциясын жүзеге асырған заңды тұлғага талаптар.

#### **4- тарау. Өтімділік коэффициенттерін есептеу әдістемесі**

52. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) өтімділігі мынадай коэффициенттермен сипатталады:

ағымдағы өтімділік коэффициенті  $k_4$ ;

$k_{4-1}$ ,  $k_{4-2}$  және  $k_{4-3}$  мерзімді өтімділік коэффициенттері;

$k_{4-4}$ ,  $k_{4-5}$  және  $k_{4-6}$  мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттері.

53. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ағымдағы өтімділік коэффициенті (Қазақстан Республикасы-бейрезидент ислам банкінің филиалын қоспағанда) k4 мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4 = \frac{O\Theta A}{TMO} \geq 0,3, \text{ мұндағы:}$$

OΘA – Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының орташа айлық өтімділігі жоғары активтері;

TMO – есептелген сыйақыны ескере отырып, талап етілгенге дейінгі міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының ағымдағы өтімділік коэффициенті k4 мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4 = \frac{O\Theta A}{TMO} \geq 1, \text{ мұндағы:}$$

OΘA – Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының орташа айлық өтімділігі жоғары активтері;

TMO – талап еткенге дейінгі міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

Ағымдағы өтімділік коэффициентін есептеу кезінде талап етуге дейінгі міндеттемелердің мөлшеріне барлық талап етуге дейінгі міндеттемелер, оның ішінде есеп айырысады жүзеге асыру мерзімі белгіленбеген міндеттемелер, банктің еншілес ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалымен үлестес занды тұлғалардың сыртқы қарыздарды тарту кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалымен секьюритилендіру бойынша мәмілелері шеңберінде берілген кредитордың осы қарыздар бойынша борышкер міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығымен Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалымен қамтамасыз етілмеген кепілдіктері мен кепілдемелері, оның ішінде:

өтеуге дейін 3 (үш) жылдан аз қалған мерзімі бар, 50 (елу) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген банктің k1 резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициентінің ең төмен мәні;

k4 нормативінің есебіне енгізілетін қарыздарды тарту кезінде берілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының кепілдіктері мен кепілдемелерін қоспағанда, өтеуге дейін 3 (үш) жыл және одан көп қалған мерзімі бар, 100 (жуз) пайызға тең конверсия коэффициентіне және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының k1 резерв ретінде қабылданатын активтердің

жеткіліктілігі коэффициентінің ең төмен мәніне көбейтілгендер, сондай-ақ басқа банктерден алынған "овернайт" қарыздары мен Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі бір түнге тартқан салымдар және кредитордың міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығымен мерзімді міндеттемелер, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың мерзімді және шартты депозиттерін, тазартылған бағалы металдарды қоспағанда, басқа банктердің мерзімді және шартты депозиттері қосылады.

54. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-1 мерзімді өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-1 = \frac{\Theta A}{\Theta M} \geq 1, \text{ мұндағы:}$$

$\Theta A$  – өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық мөлшері;

$\Theta M$  – өтеуге дейін қоса алғанда күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

55. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-2 мерзімді өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-2 = \frac{\Theta AO}{M O} \geq 0,9, \text{ мұндағы:}$$

$\Theta AO$  – өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар өтімді активтердің орташа айлық мөлшері;

$M O$  – өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

56. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-3 = \frac{\Theta AO}{M O} \geq 0,8, \text{ мұндағы:}$$

ӨАО – өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар өтімді активтердің орташа айлық мөлшері;

МО – өтеуге дейін қоса алғанда 3 (үш) айға дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

57. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-4 = \frac{\Theta AO}{MO} \geq 1, \text{ мұндағы:}$$

ӨАО – шетел валютасындағы өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық мөлшері;  
;

МО – осы шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтеуге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) шетел валютасындағы, өтеуге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар, 100 (бір жұз) пайызға тен конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелері қосылады.

58. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-5 = \frac{\Theta AO}{MO} \geq 0,9, \text{ мұндағы:}$$

ӨАО – өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар мерзімді өтімді активтердің орташа айлық мөлшері;

МО – осы шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-5 мерзімді валюталық

өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар міндеттемелердің мөлшеріне Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) шетел валютасындағы, өтеуге дейін 1 (бір) айға дейін қалған мерзімі бар 90 (тоқсан) пайызға тең конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелер қосылады.

59. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k4-6 = \frac{\Theta AO}{MO} \geq 0,8, \text{ мұндағы:}$$

ΘАО – өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 3 (үш) айға дейін қалған мерзімі бар өтімді активтердің орташа айлық мөлшері;

МО – осы шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 3 (үш) айға дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшері.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтеуге дейін қоса алғанда 3 (үш) айға дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) шетел валютасындағы, өтеуге дейін 3 (үш) айға дейін қалған мерзімі бар, 80 (сексен) пайызға тең конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелер қосылады.

60. Мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттері Standard & Poor's агенттігінің "А-дан" тәмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жиынтығында шетел валюталары және "евро" валюタсы бойынша есептеледі, оларда алдыңғы есепті айдағы міндеттемелерінің орташа айлық мөлшері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) алдыңғы есепті айдағы міндеттемелерінің орташа айлық мөлшерінің 1 (бір) пайзынан кем болмайды.

Standard & Poor's агенттігінің "А-дан" тәмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттері әрбір шетел валютасы бойынша есептеледі, онда алдыңғы есепті айдағы міндеттемелердің орташа айлық мөлшері Қазақстан Республикасы

бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) алдыңғы есепті айдағы міндеттемелерінің орташа айлық мөлшерінің 1 (бір) пайызынан кем болмайды.

61. Өтімділігі жоғары активтердің есебіне:

1) қолма-қол ақша;

2) орталық депозитарийдің шоттарындағы ақша;

3) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларындағы жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ақшасы;

4) тазартылған бағалы металдар;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар;

7) Ұлттық Банктегі, Қазақстан Республикасының басқа банктердегі, сондай-ақ бейрезидент-банктеріндегі Standard & Poor's агенттігінің "BBB-дан" төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар талап етуге дейінгі салымдар;

8) Standard & Poor's агенттігінің "BBB-дан" төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының басқа банктерінде, сондай-ақ бейрезидент-банктерінде бір түнге орналастырылған салымдар;

9) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16149 болып тіркелген, "Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қаулысымен белгіленген деңгейден төмен емес егеменді ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары;

10) "BBB-" төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch) рейтинговых агенттіктерінің жіктеулері бойынша немесе "Baa3" төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингі бар шетелдік эмитенттердің облигациялары;

11) Ұлттық Банкіндегі құнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін өтеу мерзімі бар мерзімді депозиттер;

12) Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BBB-дан" төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған үқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент-банктеріне берілген "овернайт" қарыздары қосылады.

62. Әдістеменің 61-тармағында көрсетілген бағалы қағаздар, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы) кері сатып алу талаптарымен сатқан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілген берілген немесе басқалай түрде ауыртпалық алынған бағалы қағаздарды қоспағанда, өтімділігі жоғары активтердің есебіне қосылады.

63. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) баланстық шоттарында есепке алынатын валюталық своп операциялары бойынша талаптардың сомасы, егер осы мәмілелер бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) баланстық шоттарында есепке алынған және мерзімді өтімділік коэффициенттерінің есебіне алынған жағдайда, өтімділігі жоғары активтердің есебіне қосылады және мерзімді өтімділік коэффициенттерінің есебіне қосылған.

64. Өтімді активтер есебіне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптасқан провизиялар (резервтер) шегеріле отырып, өтімділігі жоғары активтердің қоса алғанда, барлық қаржылық активтер қосылады. Қарыздар қарыз шартына сәйкес өтеу кестелері бойынша қосылады.

Әдістеменің 61-тармағының 5), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген, өтімділігі жоғары активтердің есебіне қосылмайтын бағалы қағаздар, мұнда осы бағалы қағаздар міндеттемелер мөлшерінің есебіне қосылатын міндеттемелердің қамтамасыз ету болып табылған жағдай кезінде өтімді активтердің есебіне қосылады.

Осы бағалы қағаздарды бағалы қағаздар бойынша өтеуге дейін қалған мерзім ретінде өтімді активтердің есебіне қосу кезінде осы бағалы қағаздар бойынша қамтамасыз ету болатын міндеттемелерді өтеуге дейін мерзім қабылданады.

65. Мерзімді міндеттемелердің есебіне есеп айырыуларды жүзеге асырудың мерзімі белгіленген барлық міндеттемелер қосылады. Бұл ретте k4-1 мерзімді өтімділік коэффициентін және k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін өтеуге дейін қоса алғанда құнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне есептеу кезінде өтеуге дейін қоса алғанда құнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қалған мерзімі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы)

көрі сатып алу талаптарымен сатқан бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген міндеттемелер қосылмайды.

Талап етуге дейін міндеттемелер, сондай-ақ басқа банктерден алғынған займы "овернайт" қарыздары және басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар мерзімді міндеттемелер есебіне қосылмайды.

66. Өтімділік коэффициенттерін есептеу кезінде өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтімді активтердің және мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне есептелген сыйақы, дисконттар, сыйлықақылар, әділ құнды оң (теріс) түзету шоттары қосылады.

67. Өтімділік нормативтері орташа айлық негізде айқындалатын өтімділік коэффициенттерінің есептік мәндеріне қарамастан, өтімділік нормативтері есепті кезеңде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалында (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалында) кредиторлар мен салымшылар алдында мерзімі өткен міндеттемелер болған жағдайда орындалмаған деп есептеледі.

#### **5-тaraу. Өтімділікті өтеу коэффициенттері және нетто тұрақты қорландыруды есептеу әдістемесі**

68. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалын қоспағанда) өтімділігін өтеу коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Theta\Theta K = \frac{C\Theta A}{A\mathcal{K}H\mathcal{E}} \geq 0,9 \text{ (1, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап), мұндағы:}$$

ӨТІК – өтімділікті өтеу коэффициенті;

СӘА – Әдістеменің 69-тармағына сәйкес есептелген есептеу күніндегі жағдай бойынша сапасы жоғары өтімді активтер;

АҚНӘ – өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының операциялары бойынша ақша қаражатының нетто әкетілуі.

Өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу мақсатында сапасы жоғары өтімді активтер деп мынадай талаптарға сай келетін активтер танылады:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының иелігінде болады және активтермен операциялар жүргізу (repo, своп операциялары бойынша және тартылатын ақша бойынша қамтамасыз етуге сату, беру) арқылы ақшаны дереу алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылмайды және repo, своп операциялары және

қайтарымдылық негізде жасалатын өзге де операциялар бойынша берілген бағалы қағаздар қосылмайды;

кассадағы қолма-қол ақшаны сактаудың ең аз қалдығын қамтамасыз етуге немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін қамтамасыз ету шығыстарын жүзеге асыруға арналмаған;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының меншігінде болады, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының бағалы қағаздарды репо, своп операциялары шенберінде, оларды қайтару міндеттемелерін орындау мерзімі басталғанға дейін тартылатын қаражат бойынша қамтамасыз етумен сату, беру құқықтарына шектеулер болмаған жағдайда қайтарымды негізде жасалатын операциялар (кері репо, своп операциялары және басқа да операциялар) шенберінде алынған не орналастырылған қаражат және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде алынған бағалы қағаздар

. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы бағалы қағаздарды орналастырылған қаражат, кері репо операциялары немесе туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша қамтамасыз етуге басқа контрагентке берген жағдайда, бағалы қағаздар бастапқы меншік иесі өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде оларды қайтаруы мүмкін болмаған кезде сапасы жоғары өтімді активтердің есебіне қосылады.

69. Сапасы жоғары өтімді активтер (СӨА) Әдістеменің 70-тармағында көзделген, Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының жоғары сапалы өтімді активтері кестесінде айқындалған коэффициенттерге көбейтілген бірінші деңгейдегі жоғары сапалы өтімді активтердің және осы Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы-бейрезидент банкі филиалының жоғары сапалы өтімді активтері кестесінде белгіленген коэффициенттерге көбейтілген екінші деңгейдегі жоғары сапалы өтімді активтердің сомасы ретінде есептеледі. Бірінші және екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер әділ (нарықтық) құны бойынша сапасы жоғары өтімді активтердің есебіне қабылданады.

70. Бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер деп Әдістеменің 68-тармағында көзделген талаптарды қанағаттандыратын активтер және:

- 1) қолма-қол ақша;
- 2) Ұлттық Банктегі депозиттер;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке қойылатын талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк кепілдік берген бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;

4) шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне, халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар, оның ішінде тізбесі № 170 қаулымен айқындалған халықаралық қор биржалары деп танылатын, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың тізімінде көрсетілген шет мемлекеттердің үкіметтері мен шет мемлекеттердің орталық банктері, халықаралық қаржы ұйымдары кепілдік берген халықаралық қор биржаларында еркін айналымдағы бағалы қағаздар (бұдан әрі – Халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың тізімі):

Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы активтерінің кестесіне сәйкес 0 (нөл) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің бірінші тобына жатады;

қаржы ұйымдарының немесе олармен үлестес ұйымдардың міндеттемелері болып табылмайды;

5) егер шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне талаптар Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жиырма) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген жағдайда шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне эмитент елдің валютасымен номинирленген бағалы қағаздар түріндегі талаптар.

71. Екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер деп Әдістеменің 68-тармағында көзделген талаптарды қанағаттандыратын және:

1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарына қойылатын талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасының жетілікті атқарушы органдары шығарған (Нұрсұлтан және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған) мемлекеттік бағалы қағаздармен Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жиырма) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін талаптар;

2) шет мемлекеттердің орталық үкіметтеріне және шет мемлекеттердің орталық банктеріне, шет мемлекеттердің жергілікті билік органдарына, халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар, оның ішінде шет мемлекеттердің үкіметтері және шет мемлекеттердің орталық банктері, шет мемлекеттердің жергілікті билік органдары, халықаралық қаржы ұйымдары кепілдік берген, Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржаларында еркін айналыстағы және мынадай талаптардың әрқайсысына сай келетін бағалы қағаздар:

Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес, Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жиырма) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің екінші тобына жатады;

соңғы 10 (он) жыл бойы ішінде нарық құнын төмендетуде көрсетілген күнтізбелік 30 (отыз) күннің 10 (он) және одан көп пайызға құнсыздану фактілері толық болмаған;

қаржы ұйымдарының немесе олармен үлестес ұйымдардың міндеттемелері болып табылмайды;

3) қаржы ұйымдары немесе олармен үлестес ұйымдар болып табылмайтын эмитенттердің бағалы қағаздары түріндегі талаптар;

4) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының немесе олармен үлестес ұйымдардың міндеттемесі болып табылмайтын туынды қаржы құралдарын және реттелген борышты қоспағанда, ипотекалық бағалы қағаздар түріндегі талаптар.

Әдістеменің осы тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген талаптар мынадай талаптардың әрқайсын қанағаттандырады:

Standard & Poor's рейтинг агенттігінің "AA-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі не Standard & Poor's агенттігінің тиісті қысқа мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

тізбесі № 170 қаулымен айқындалған Халықаралық қор биржалары деп танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың тізімінде көрсетілген халықаралық қор биржаларында еркін айналыстағы.

соңғы 10 (он) жыл бойы ішінде нарық құнын төмендетуде көрсетілген күнтізбелік 30 (отыз) күннің 10 (он) және одан көп пайызға құнсыздану фактілері толық болмаған.

Екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтердің үлесі сапасы жоғары өтімді активтердің 40 (қырық) пайызынан аспайды. Егер екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтердің үлесі сапасы жоғары өтімді активтердің 40 (қырық) пайызынан асатын болса, онда екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер сапасы жоғары өтімді активтердің 40 (қырық) пайызынан аспайтын мөлшердегі сапасы жоғары өтімді активтердің құрамына қосылады.

Егер сапасы жоғары өтімді активтердің есебіне енгізілген активтер Әдістеменің 70-тармағында және (немесе) осы тармағының бірінші бөлігінде айқындалған талаптарды қанағаттандырудан тоқтатылса, көрсетілген активтер көрсетілген талаптарға сәйкесіздік туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзім ішінде сапасы жоғары өтімді активтердің есебіне енгізуін жалғастырады.

72. Өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының операциялары бойынша ақша қарожатының нетто әкетілуі (АҚНӘ) мынадай формула бойынша есептеледі:

егер  $AK > 0,75 \times A\mathcal{E}$  болған жағдайда,  $A\mathcal{H}\mathcal{E} = A\mathcal{E} - 0,75 \times A\mathcal{E}$ ;

егер АК<0,75xAӘ болған жағдайда, АҚНӘ =АӘ-АК, мұнда:

АҚНӘ – ақша қаржатының нетто әкетілуі;

АӘ – Әдістеменің 73-тармағына сәйкес есептелген ақшаның әкетілуі;

АК – Әдістеменің 74-тармағына сәйкес есептелген ақшаның келуі.

73. Ақшаның әкетілуі Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының мынадай міндеттемелері бойынша Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ақша әкетілуі мен әкелінуінің кестесінде белгіленген әкетілу коэффициенттері қолданыла отырып, өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі құнтізбелік ай ішіндегі ақшаның әкетілу сомасы ретінде есептеледі:

1) жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша ақшаның әкетілуі (ағымдағы шоттар, талап еткенге дейінгі салымдар, мерзімді және шартты салымдар бойынша, өтеу мерзімі белгіленбекен міндеттемелер бойынша). Жеке тұлғалардың мерзімді салымдарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі болған жағдайда мұндаид міндеттемелер олардың орындалу мерзіміне қарамастан өтімділікті жабу коэффициентінің есебіне толық көлемде қосылады. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету түріндегі салымдар тиісті қарыздың өтеу мерзіміне сәйкес өтімділікті жабу коэффициентінің есебіне қосылады;

2) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерімен қамтамасыз етілмеген, белгіленген орындалу мерзімі жоқ не толық орындалу мерзімі 1 (бір) айдан аспайтын немесе өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі құнтізбелік ай ішінде занды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері алдындағы міндеттемелер бойынша (басқа кредиторлық берешекті қоспағанда, депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар бойынша), оның ішінде занды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілердің бастамасы бойынша ақшаның әкетілуі;

3) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерімен қамтамасыз етілген, орындалу мерзімі 1 (бір) айдан аспайтын немесе өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі құнтізбелік ай ішінде занды тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша (басқа кредиторлық берешекті қоспағанда, депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар, қарыз операциялары бойынша) ақшаның әкетілуі;

4) егер міндеттемелерді орындау өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі құнтізбелік ай ішінде көзделетін болса, толық орындалу мерзімі өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі құнтізбелік ай ішінде не олардың толық орындалу мерзіміне қарамастан шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілуі.

Тұрақты депозиттер "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Депозиттерге міндетті кепілдік беру

туралы заң) 18-бабында белгіленген мөлшерде жеке тұлғалардың кепілдік берілетін депозиттерін қамтиды.

Тұрақтылығы тәмен депозиттерге міндettі кепілдік беру туралы заңын 18-бабында белгіленген мөлшерден асатын сомада жеке тұлғалардың кепілдікті болып табылмайтын, не кепілдікті болып табылатын депозиттерін қамтиды.

Жеке тұлғалардың депозиттерін жіктеу кезінде депозиттер әрбір клиент бойынша ұлттық және шетел валюталарындағы депозиттер бойынша жеке есепке алынады.

Занды тұлғалардың, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің алдындағы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерімен қамтамасыз етілмеген міндettемелер бойынша ақшаның әкетілуі занды тұлғалардың, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің алдындағы банктің қамтамасыз етілмеген міндettемелерін және клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдарды қамтиды.

Егер клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты банктік салым шартында кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын банктік салым шартының бұзылуы туралы алдын ала хабардар ету талабы көзделетін болса, не осы талап болмаған жағдайда банктік салым шартын бұзу салым мөлшерінің 2 (екі) пайызынан асатын мөлшерде айыппұл төлеуге әкеп соқтыратын болса, клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ақша әкетілуінің есебіне қосылады.

Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар бойынша міндettемелер клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті банктік шоттарды ақшаның ең аз қалдығына тең мөлшерде айқындалады.

Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде, сондай-ақ бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін ағымдағы шоттардағы және (немесе) талап етуге дейінгі салымдардағы қарожаттың бір бөлігі танылады:

банктік шот ашылған және клиент төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін кемінде 24 (жиырма төрт) ай немесе одан аз қолданады;

тартылған ақша бойынша сыйақы мөлшерлемесі;

ағымдағы шоттар бойынша – 0 (нөл) пайыздан;

талап етуге дейінгі салымдар бойынша - 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыздан аспайды

Егер банктік шот ашылған және төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін 24 (жиырма төрт) айдан аз қолданылатын болса, онда клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде тану мақсатында, мынадай талаптарды қосымша қанағаттандыруы қажет:

ағымдағы шот немесе талап етуге дейінгі салым ретінде қолданылады;

банк алдында айналымдарды және (немесе) банктік шоттағы ақшаның ең аз қалдығын қолдау жөніндегі міндеттемесі бар.

Банктік шот ашылған және төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін үшін 24 (жырма төрт) айдан аз қолданылған жағдайда клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымның мөлшері ағымдағы шоттағы немесе міндеттеменің туындаған күнінен талап етуге дейінгі салымдағы қалдықтардың орташа шамасы ретінде есептеледі.

Филиал банка-Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы банктік шоттағы қалдықтардың орташа шамасын есептеуге негізделген клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін жеткілікті банктік шоттағы ақшаның ең аз қалдығын айқындау әдістемесін әзірлейді.

Заңды тұлғалардың алдындағы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерімен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар қарызының шарттары бойынша ақшаның әкетілуі бірінші және екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтермен қамтамасыз етілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының міндеттемелерін, Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жырма) пайыздан аспайтын кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының және халықаралық қаржы үйимдарының алдындағы міндеттемелерді және қамтамасыз етілуі және бірінші немесе екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылмайтын өзге де міндеттемелерді қамтиды.

Шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілуі Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ақша әкетілуі мен әкелінуінің кестесінде көзделген шартты міндеттемелер және өзге де операциялар бойынша әкетілу сомасын қамтиды. Шартты міндеттемелер, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша қосымша ақшаның әкетілуі мыналарды қамтиды:

егер шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ағымдағы рейтингінен 1 (бір), 2 (екі) не 3 (үш) сатыға дейін Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді кредиттік рейтингі төмендеуі қосымша қамтамасыз ету үшін өтімділікті тарту, ақша төлемі, шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау түрінде қосымша қажеттілікке әкеп соғатын болса, шартты міндеттемелер, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша өтімділіктегі толық көлемдегі қосымша қажеттілік;

нарықтық құны өзгерген кезде ақша аударуды болжамдайтын туынды қаржы құралдары және өзге де операциялар бойынша позицияларды нарықтық бағалаудың

өзгеруіне байланысты өтімділіктегі қосымша қажеттілік. Ақшаның әкетілуі есебінде алдыңғы 24 (жырма төрт) айдағы көрсетілген кезеңде ақшаның келуін шегергенде ақшаның әкетілуіне тең ең көп 30 (отыз) күндік ақшаның нетто әкетілуі есепке алынады;

бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылмайтын, Әдістемеге 8-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының сапасы жоғары өтімді активтерінің кестесінде белгіленген есептеу коэффициенті қолданыла отырып және алынған қамтамасыз ету шегеріле отырып есептелген актив құнынан 20 (жырма) пайыз мөлшерінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы ұсынған қамтамасыз етуді не өзге де операциялар бойынша ұсынылуға жататын қамтамасыз етуді бағалаудың (әлеуетті құнының) өзгеруіне байланысты өтімділіктегі қосымша қажеттілік. Егер қамтамасыз ету бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылса, өтімділіктегі қосымша қажеттілік талап етілмейді;

қажетті көлемді қамтамасыз етуге берілген көлемнен артық болуға негізделген қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына берілген қамтамасыз етуді клиенттің артық толық көлемде дереу қайтару құқығына байланысты әкетілу;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қамтамасыз етуді ұсынуы көзделетін операциялар бойынша өтімділікке деген қосымша қажеттілік және егер қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің қамтамасыз етуді талап ету құқығы;

қамтамасыз етуді сапасы жоғары өтімді активтер болып табылмайтын активтерге банкпен келіспей ауыстыру көзделетін операциялар бойынша өтімділікке деген қосымша қажеттілік.

Қосымша ақшаның әкетілуін есептеу мақсатында шартты міндеттемелер, көрсетілген міндеттемелер қайтарусыз болып табылған жағдайда, пайдаланылмаған кредиттік желілер мен өтімділік желілерін қамтиды.

Өтімділік желілері деп Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының мынадай міндеттемелері түсініледі:

клиенттің бұдан бұрын шығарған бағалы қағаздарын өтеу үшін клиентке ақша ұсыну бойынша;

бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру және (немесе) қайталама нарықта клиенттің бағалы қағаздарымен операциялар бойынша міндеттемелер шенберінде клиенттің бағалы қағаздарын сатып алу бойынша.

Қосымша әкетілуді есептеу мақсатында шартты міндеттемелер өтімділіктің желісі ретінде клиенттің шығарылған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің мөлшерінен аспайтын, өтімділікті жабу коэффициенті есептелген күннен кейінгі күнтізбелік айдың ішінде орындалуға тиісті мөлшерде қосылады. Пайдаланылмаған шартты міндеттеменің қалған бөлігі, сондай-ақ қаржы емес ұйымдарға айналым

қаражатын толықтыруға берілетін міндеттемелер шартты міндеттемелер бойынша қосымша әкетілу есебіне кредиттік желі ретінде қосылады.

Пайдаланылмаған кредиттік желілер мен өтімділік желілері қамтамасыз етуге берілген не қамтамасыз етуге берілуге жататын және мынадай талаптардың әрқайсысын қанағаттандыратын активтерді шегеру ескеріле отырып, қосымша ақшаның әкетілу есебіне қосылады:

бірінші және екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді активтер болып табылады;  
банктің сапасы жоғары өтімді активтерінің құрамына енгізілмеген;  
қайтарымдылық негізінде жасалатын операцияларды жүргізу үшін қолжетімді;  
мерзімінен бұрын қайтару туралы талап қою құқығы жоқ.

Егер Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ақшаның әкетілуі мен әкелінуі кестесінің 20, 21, 22, 23 және 24-жолдарында ескерілмеген өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде жеке тұлғалар және қаржылық ұйымдарды (қаржылық емес ұйымдарды) қоспағанда, ұйымдар алдындағы міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілудері өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде жеке тұлғалар және қаржылық емес ұйымдардан ақшаның келуінің 50 (елу) пайзызынан асатын болса, асып кету сомасы Әдістемеге 9-қосымшаның Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ақша әкетілуі мен әкелінуі кестесінің 29-жолына сәйкес 100 (бір жұз) пайыз ақшаның әкетілу қоэффициенті қолданыла отырып ақшаның әкетілуінде есепке алынады.

74. Ақшаның әкелінуі Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының мынадай активтері бойынша Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының ақшасының әкетілуі мен әкелінуінің кестесінде белгіленген ақшаның әкеліну коэффициенттері қолданыла отырып, өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішіндегі әкеліну сомасы ретінде есептеледі:

қайтарымдылық негізінде жасалатын операцияларды (кері репо, своп операциялары және өзге де операциялар) қоса алғанда, қамтамасыз етілген қарыз операциялары;

негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды қоспағанда, жеке және занды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздар;

туынды қаржы құралдары;  
өзге ақшаның әкелінуі.

Сапасы жоғары өтімді активтер бойынша ақшаның әкелінуі ақшаның әкелінуін есептеу кезінде есепке алынбайды.

Қамтамасыз етілген қарыз операциялары бойынша ақшаның әкелінуі өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде өтеу мерзімі бар, бірінші және екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді активтермен және бірінші

және екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді активтер болып табылмайтын өзге де активтермен қамтамасыз етілген қарыз операцияларын, сондай-ақ қамтамасыз етуге бағалы қағаздарды сатып алу-сатуды жасау үшін (маржалық мәмілелер) берілген қарыздарды қамтиды.

75. Өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу нәтижелері уәкілетті органға ай сайынғы негізде ұсыныла отырып, айдың соңғы жұмыс күнінде есептеледі.

76. Нетто тұрақты қорландыру коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$НТҚ = \frac{КТҚ}{ТТҚ} \geq 1, \text{ мұндағы:}$$

НТҚ – нетто тұрақты қорландыру коэффициенті;

КТҚ – қолжетімді тұрақты қорландырудың мөлшері;

ТТҚ – талап етілетін тұрақты қорландыру.

Қолжетімді тұрақты қорландырудың мөлшері активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес міндеттемелердің және Әдістеменің 5-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенге дейін резерв ретінде қабылданатын, Әдістемеге 10-қосымшаға сәйкес Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесінде белгіленген қолжетімді тұрақты қорландыру коэффициенттеріне көбейтілген активтердің сомасы ретінде есептеледі.

Жеке тұлғалардың депозиттері Әдістеменің 73-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес тұрақты және аздал тұрақсыз депозиттер ретінде қолжетімді тұрақты қорландыру есебіне енгізіледі.

Клирингтік, кастодиандық қызметке, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде ағымдағы шоттар және Әдістеменің 73-тармағының сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктеріне сәйкес келетін талап етілгенге дейінгі салымдар танылады.

Талап етілетін тұрақты қорландырудың мөлшері жиынтығында Әдістемеге 11-қосымшаға сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландыру активтерінің кестесінде белгіленген талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициенттеріне көбейтілген активтер мен міндеттемелері туралы есеп деректеріне сәйкес активтер және Әдістемеге 12-қосымшаға сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде белгіленген талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициентіне көбейтілген талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелері ретінде есептеледі.

**6 -тaraу. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарын) Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыруды есептеу әдістемесі**

77. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарын) Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру k7 коэффициентімен сипатталады.

78. K7 коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k7 = \frac{KM}{PKA} \leq 1, \text{ мұндағы:}$$

KM – Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы;

PKA – Әдістеменің 2-тaraуының 1-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтер.

K7 коэффициентін есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелер сомасына мыналар кіреді:

1) Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы талап етілгенге дейінгі міндеттемелер, оның ішінде есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі белгіленбекен міндеттемелер;

2) Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы бастапқы өтеу мерзімі қоса алғанда 1 (бір) жылға дейінгі мерзімді міндеттемелер;

3) кредитордың міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуді талап ету шартсыз құқығымен Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы мерзімді міндеттемелер, оның ішінде жеке және занды тұлғалардың мерзімді және шартты депозиттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент ислам банктері филиалдарының) мерзімді және шартты депозиттері.

K7 коэффициентін есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелер сомасынан мыналар алып тасталады:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент занды тұлғаларының ағымдағы шоттары;

2) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31

тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономиканың "басқа қаржы үйымдары - коды 5", "мемлекеттік қаржылық емес үйымдар - коды 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес үйымдар - коды 7" және "ұй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйымдар - коды 8" секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;

3) халықаралық қаржы үйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;

4) халықаралық есеп айырысу жүйелері (ClearstreamBanking S.A. және EuroclearBankSA/NV) болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер.

**7-тaraу. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенттерін есептеу әдістемесі**

79. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктер филиалдары) меншікті және тартылған қаражатын есепті ай ішінде ішкі активтерге мынадай формула бойынша орналастырады:

$$IAK = \frac{\overline{IA}}{\overline{IM} + \min(\overline{PKA}_{\min}; 0,75 \times \overline{PKA})} \geq 1, \text{ мұндағы:}$$

IAK - Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктер филиалдары) қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті;

**$\overline{IA}$**

– халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) ескеріле отырып, есепті айда қалыптасқан ішкі активтердің орташа айлық шамасы;

**$\overline{IM}$**

– Әдістеменің 84-тармағының екінші бөлігінде айқындалған ішкі міндеттемелердің есепті айда қалыптасқан орташа айлық шамасының сомасы;

### $\overline{PKA}_{(min)}$

- активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшерінің есепті айда қалыптасқан орташа айлық шамасы;

### $\overline{PKA}$

- активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтер мөлшерінің есепті айда қалыптасқан орташа айлық шамасы.

80. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктер филиалдары) есепті ай ішінде меншікті және тартылған қарожатын күн сайын ішкі активтерге мынадай формулаға сәйкес орналастырады:

$$IA \geq 0,95x \left( \overline{IM}_{(-1)} + \min \left( \overline{PKA}_{min(-1)}; 0,75x \overline{PKA}_{(-1)} \right) \right), \text{ мұндағы:}$$

### IA

- халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) ескере отырып, ағымдағы күннің сонындағы ішкі активтер шамасы;

### $\overline{IM}_{(-1)}$

- Әдістеменің 84-тармағының екінші бөлігінде айқындалған ішкі міндеттемелердің есепті айдың алдындағы айда қалыптасқан орташа айлық шамасының сомасы;

### $\overline{PKA}_{(min)(-1)}$

- активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшерінің есепті айдың алдындағы айда қалыптасқан орташа айлық шамасы;

### $\overline{PKA}_{(-1)}$

- активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтер мөлшерінің есепті айдың алдындағы айда қалыптасқан орташа айлық шамасы.

81. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиаларының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиаларының) ішкі активтері активтерді (ақшаны) және Қазақстан Республикасының резиденттеріне талаптарды (

орналастырылған салымдар, берілген қарыздар, үлестік және борыштық бағалы қағаздар, дебиторлық берешек), Қазақстан Республикасының резиденттері - занды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуды, материалдық емес активтерді және тазартылған бағалы металдарды, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан (түрган) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті білдіреді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) ішкі міндеттемелері Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы міндеттемелерді білдіреді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктер филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті есептеу мақсаттары үшін Әдістеменің 79 және 80-тармақтарына сәйкес тәмендегілердің:

активтер мен міндеттемелер туралы есеп деректеріне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшері, не

резерв ретінде қабылданатын активтердің 0,75-ке көбейтілген ең аз шамасы пайдаланылады.

82. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ішкі активтерінің, ішкі міндеттемелерінің орташа айлық шамасы мерзімі өткен берешек, есептелген сыйақы, дисконттар, сыйлықақылар, оң (теріс) түзетулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ішкі активтерінің, ішкі міндеттемелерінің жалпы сомасының тиісті есептің айдағы жұмыс күндерінің санына қатынасы ретінде есептеледі.

Резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшерінің (резерв ретінде қабылданатын активтердің) орташа айлық шамасы резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшерінің (резерв ретінде қабылданатын активтердің) жалпы сомасының тиісті есептің айдағы жұмыс күндерінің санына қатынасы ретінде есептеледі.

## **8-тарау. Ашық валюталық позиция лимиттерін есептеу әдістемесі**

83. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ашық валюталық позициясының лимиттері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{ВП1}{РКА} \leq 12,5\%, \text{ мұндағы:}$$

ВП1 – Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинглік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "евро" валюタсы, сондай-ақ тазартылған қымбат металдар бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа);

РҚА – Әдістеменің 2-тарауының 1-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтердің шамасы;

$$\frac{\text{ВП2}}{\text{РҚА}} \leq 5\%, \text{ мұндағы:}$$

ВП2 – Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинглік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзақ және қысқа) ;

РҚА – Әдістеменің 2-тарауының 1-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтердің шамасы;

$$\frac{\text{ВП3}}{\text{РҚА}} \leq 25\%, \text{ мұндағы:}$$

ВП3 – валюталық нетто-позиция;

РҚА – Әдістеменің 2-тарауының 1-параграфына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтердің шамасы.

84. Ашық валюталық позиция – бұл Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) талаптарының (міндеттемелерінің) жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасында немесе тазартылған бағалы металда сол шетел валютасында немесе тазартылған бағалы металда Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) міндеттемелерінен (талаптарынан) асып кетуі.

Ұзақ валюталық позиция – талаптар (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасы) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) сол шетел валютасында немесе тазартылған бағалы металда міндеттемелерінен (міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің жиынтық сомасынан) асып кететін жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдағы ашық валюталық позиция.

Қысқа валюталық позиция – міндеттемелер (міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі

филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) сол шетел валютасында немесе тазартылған бағалы металда талаптарынан (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасынан) асып кететін жеке шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы немесе тазартылған бағалы металдағы ашық валюталық позиция.

Валюталық позициялар есебіне мөлшері валюталардың айырбастау бағамының (тазартылған бағалы металдар құнының) өзгеруімен анықталатын, теңгемен көрсетілген талаптар (активтер мен шартты талаптардың жиынтық сомасы), міндеттемелер (міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің жиынтық сомасы) енгізіледі.

Мөлшері бір шетел валютасынан артық айырбастау бағамының өзгеруімен анықталатын, теңгемен көрсетілген талаптар (активтер, шартты және ықтимал талаптардың жиынтық сомасы), міндеттемелер (міндеттемелердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің жиынтық сомасы) Әдістеменің 85-тармағында белгіленген ашық валюталық позицияның ең төмен лимитін шетел валютасындағы валюталық позициялар есебіне енгізіледі.

Әрбір шетел валютасы бойынша және әрбір тазартылған бағалы металл бойынша ашық валюталық позиция жеке есептеледі.

Жекелеген шет мемлекеттердің (шет мемлекеттер топтарының) валюталары (тазартылған бағалы металдар) бойынша ашық валюталық позицияларын есептеу кезінде бірінші кезекте активтер шоттарында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптасқан резервтерді шегергенде және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) міндеттемелері шоттарында ашылған әрбір шетел валютасы (тазартылған бағалы металы) бойынша шоттардың сальdosы есептеледі. Одан кейін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптасқан резервтерді шегергенде, шартты талаптар шоттарында және шартты міндеттемелер шоттарында ашылған осы шетел валютасы (тазартылған бағалы металл) бойынша шоттар сальdosы анықталады.

Міндеттемелерден (талаптардан) шетел валютасындағы (тазартылған бағалы металдағы) талаптардың (міндеттемелердің) асып кетуін көрсететін сальдо жиынтықталады, ал алынған нәтиже Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) шетел валютасы (тазартылған бағалы металы) бойынша ашық позициясының мөлшерін және түрін анықтайды.

Шартты талаптар шоттарында және шартты міндеттемелер шоттарында ашылған жекелеген шет мемлекеттің (шет мемлекеттер тобының) валютасындағы туынды қаржы құралдары бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның

ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ашық ұзақ және (немесе) қысқа позициясы резерв ретінде қабылданатын активтер мөлшерінің 50 (елу) пайзынан аспайды.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ашық ұзақ және (немесе) қысқа позициясын есептеу мақсаттары үшін туынды қаржы құралдарының тізбесіне Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) жасаған мәміле споты енгізілмейді.

Туынды қаржы құралдары бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) ашық ұзақ және (немесе) қысқа позициясын есептеу мақсаттары үшін олар бойынша Ұлттық Банктің қарсы агенті болып табылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, 2 (екі) күн және одан аз валюталау күнімен валюталық құралдармен айырбастау операциялары, 2 (екі) күн және одан аз валюталау күнімен валюталық своп операциялары, базалық активтері ұлттық валютадан тұрмайтын валюталық жұп болып табылатын туынды қаржы құралдары енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) валюталық нетто-позициясы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының) барлық шетел валюталары (тазартылған бағалы металдары) бойынша ұзақ позициясының жиынтық сомасы мен барлық шетел валюталары (тазартылған бағалы металдары) және барлық шетел валюталары бойынша қысқа позициясының жиынтық сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген талаптар және міндеттемелер осы талаптар және міндеттемелер көрсетілген (белгіленген) шетел валюталары бөлігіндегі валюталық позициясы есебіне енгізіледі.

Мәмілені жасаған күн болып табылмайтын, болашақ валюталау күні бар валюталық операцияларды жүргізу кезінде осы сияқты валюталық операциялар осындай мәмілені жасаған күннен бастап валюталық позиция есебіне енгізіледі.

85. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы форвардтық келісімшарттарды Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының валюталық тәуекелін басқару мақсатында жасаған кезде және форвардтық келісімшарт бойынша контрагент мынадай талаптардың біріне сәйкес келген кезде олармен операциялар жасайды:

1) өз қызметін уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент-қаржы ұйымы болып табылады;

2) Қазақстан Республикасының өзінің орналасқан жерінің елінде банк, сақтандыру үйымы, инвестициялық компания, инвестициялық холдинг, инвестициялық банк, брокерлік компания, басқарушы компания, сенімгерлік басқару компаниясы, биржада қаржы құралдарымен немесе туынды қаржы құралдарымен сауда бойынша мүшелігі бар компания мәртебесі бар және Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымына мүше мемлекеттердің аумағында тіркелген бейрезидент заңды тұлғасы болып табылады;

3) Standard & Poor's рейтинг агенттігінің "BB"-ден төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 20095 болып тіркелген, "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздаррындың кәсіби қатысуышылары қызметінің және бағалы қағаздаррында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметтің жүзеге асыратын үйимдар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысымен белгіленген оффшорлық аймақтарда тіркелмеген Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғасы болып табылады;

4) өзінің қаржы-шаруашылық қызметі үшін форвардтық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылады (контрагенттің төлем қабілеттілігіне, форвардтық келісімшарттың нысаналы мақсатына Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының жүргізген талдаумен, контрагенттің шоттары бойынша айналымдармен және (немесе) форвардтық келісімшарт жасасу мақсатын раставтың өзге де құжаттармен расталады);

5) дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке тиесілі Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылады.

Әдістеменің осы тарауының мақсаттары үшін форвардтық келісімшарт мынадай факторлар (бірақ олармен шектелмей) негізінде валюталық тәуекелді басқару мақсатында жасалған деп танылады:

мәміле Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының активтерін немесе міндеттемелерін валюта бағамдарының қолайсыз қозғалысынан қорғауға бағытталған қурал болып табылады;

мәміле бойынша оны орындау үшін негіздер бар;

мәміле оның мазмұнына, экономикалық орындылығына немесе ресімделуіне объективті сұрақтар тудырмайды.

86. Ашық валюталық позицияның лимиттері есепті апта ішінде кез келген шетел валютасы (тазартылған қымбат металл) бойынша шектен асып кеткен кезде кейінгі 3 (үш) апта ішінде бұзушылық жіберген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі

филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) үшін бұзылған валюталар (тазартылған қымбат металдар) бойынша ашық валюталық позицияларының лимиттері Әдістеменің 10-тармағында белгіленген ашық валюталық позиция лимиттерінен 5 (бес) пайыздық тармаққа кемуімен айқындалады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) жеке алынған шетел валютасы (тазартылған қымбат металл) бойынша ашық валюталық позиция лимиттерінің бұзылуы мыналар болып есептелмейді:

0,09 (нөл бүтін жүзден тоғыз) пайыз шегінде;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалына (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам Банкінің филиалына) қатыссыз себептер бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы) берген қарыз валютасының сот шешімі бойынша өзгеруі бөлігінде.

Егер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалына (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалына) қатыссыз, сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) берген қарыз валютасының өзгеру бөлігінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) ашық валюталық позицияларының лимиттерін асырған болса, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалы) ол туралы тез арада уәкілетті органға хабарлап, көрсетілген шектен асып кету айқындаған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде жою бойынша міндеттемелер қабылдайды. Егер осы шектен асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда онда валюталар бойынша ашық валюталық позиция лимиттерінің асып кетуі көрсетілген асып кету анықталған күннен бастап мұндай қалыптың бұзылуы ретінде қарастырылады.

## **9-тaraу. Капиталдың контрциклдік буфері**

**Ескерту. Әдістеме 9-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.05.2025 № 15 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

87. Капиталдың контрциклдік буфері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының активтерінің жеткіліктілік коэффициенттерінің мәндеріне қосымша белгіленеді.

88. Нормативтерге сәйкес капиталдың контрциклдік буферінің нормативтік мәнінің диапазоны Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін Әдістеменің 2-тарауының 1-параграфына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша

сарапланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер, нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, операциялық тәуекел сомасының 0 (нөл) пайызынан бастап 3 (үш) пайызына дейін аралықты құрайды.

89. Капиталдың контрциклдік буферінің нормативтік мәні Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің ұсынымдары ескеріле отырып және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша Әдістеменің 91-тармағында белгіленеді. Осы нормативтік мән талап етілетін деңгейден жоғары көтерілген жағдайда, капиталдың контрциклдік буфері Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің ұсынымы берілген күннен бастап 12 (он екі) айдан кейін белгіленеді.

90. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының контрциклдік капитал буферінің мөлшерін кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сарапланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер, нарықтық тәуекелді, операциялық тәуекелді және Әдістеменің 91-тармағында белгіленген контрциклдік капитал буферінің нормативтік мәнін ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасының көбейтіндісі ретінде есептейді.

91. Контрциклдік капитал буферінің нормативтік мәні 0 (нөл) пайызға тең.

## 10-тaraу. Капиталдың секторлық контрциклдік буфері

**Ескеरту. Әдістеме 10-тaraумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.05.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

92. Капиталдың секторлық контрциклдік буфері кредит берудің жекелеген сегменттерінде қалыптасатын тәуекелдерді төмендетуге бағытталған және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына қатысты белгіленеді.

93. Капиталдың секторлық контрциклдік буфері Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің мәндеріне қосымша белгіленеді.

94. Капиталдың секторлық контрциклдік буферінің нормативтік мәнінің диапазоны Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін - тиісті кредит беру сегментінің Әдістемеге сәйкес кредит тәуекелі ескеріле отырып сарапланған активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомасының 0 (нөлден) 6 (алты) пайызына дейінгі аралықты құрайды.

95. Тәуекелдерді қосарланған есепке алуды болдырмау мақсатында банк капиталының секторлық контрциклдік буферінің абсолютті мәні тәуекел дәрежесі бойынша сарапланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер, нарықтық тәуекел

, операциялық тәуекел және капиталдың контрциклдік буферінің нормативтік мәні диапазонының жоғарғы мәні ескеріле отырып есептелген кредиттік активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасының көбейтіндісінен аспайды.

96. Капиталдың секторлық контрциклдік буферінің нормативтік мәні Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің ұсынымдары ескеріле отырып және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша Әдістеменің 98-тармағында белгіленеді. Осы нормативтік мән талап етілетін деңгейден жоғары көтерілген жағдайда, капиталдың секторлық контрциклдік буфері Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің ұсынымы берілген күннен бастап 12 (он екі) айдан кейін белгіленеді.

97. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары секторлық контрциклдік капитал буферінің мөлшерін кредит тәуекелі және Әдістеменің 98-тармағында белгіленген секторлық контрциклдік капитал буферінің нормативтік мәні ескеріле отырып сараланған тиісті кредит беру сегментінің активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомасының көбейтіндісі ретінде есептейді.

98. Дара кәсіпкерлерді қоспағанда, жеке тұлғаларға кредит беру сегментіндегі капиталдың секторлық контрциклдық буферінің нормативтік мәні 2026 жылғы 31 наурызға дейін 0 (нөл) пайызға тең, 2026 жылғы 1 сәуірден кейін 2 (екі) пайызға тең.

